

*Мақсатым – тіл ұстартып,
өнер шайшақ...*
АБАЙ.



«Қазақ тілі мен
әдебиеті» және
«Ұлағат»
жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
Республикалық
ғылыми-
педагогикалық,
әдістемелік
журналы

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың
наурыз айынан
бастап шығады

1/2019

ҚАҢТАР

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Құсиын Айтқалиев, Шәмша Беркімбаева,
Жанғара Дәдебаев, Гүлмас Құрманбаева,
Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшһүр Жүсіп,
Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев,
Рақымжан Тұрысбек, Нұрселді Уәлиұлы.*

МАЗМҰНЫ

Г.Т. ЖУСПОВА. Мөлтек сыр.....3

Таным табиғатында

О. ЖҰБАЕВА. Мағжан Жұмабаев – қазақ тілі біліміндегі жаңа бағыттардың негізін қалаушы.
(«Педагогика» атты оқулығының негізінде).....5

Уақыт және әдебиет

М. ӘБІЛҰЛЫ. Ясауитану және Мекемтас Мырзахметұлы
(Профессор М.Мырзахметұлының «Ясауи ілімін жалғастырушылар»,
«Ясауи және Абай» атты ғылыми мақалалары туралы).....24

Ұстаз мерейі

Б. Б. АХЫЛБЕК. Алаштың Аяғүлі 70 жаста.....38

Ұстаз ұсынысы

Л. Т. АҚБОЛАТОВА. Тиімді әдіс-тәсілдер арқылы тілдік дағдыларды меңгерту.....40

Г.Ж. АУЛАБАЕВА. Қазақ тілі мен әдебиеті сабағында оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамыту.....46

А. Ж. ИЗТЛЕУОВА. Жаңартылған білім мазмұнын игеруде қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында сын тұрғысынан ойлаудың тиімді әдіс-тәсілдерін пайдалана отырып, оқушының тұлғасын қалыптастыру.....50

Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс

К.С. МҰХИТОВА. “Аяз би” ертегісі.....57

Қ.Ә. ШӘРІП. Б. Сокпақбаев «Менің атым – Қожа» повесіндегі кейіпкерлер образын ашу.....65

С. Т. КАКЕЕВА. “Асанқайғының жерге айтқан сыны” аңызы.
Туған жерің – Жерұйығың.....73

С.Ш. НҰРАЛИЕВА. Асан қайғы, Қожанасыр, Алдаркөсе туралы аңыз-әңгімелер.....80

Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Л. Е. ШЫРДАБАЕВА. Киім – мінез айнасы.....84

А. Ә. ЕСҚАРАЕВА. Сын есім. Сын есімнің сөйлемдегі қызметі.....94

Л. Е. ЕСБОЛСЫНОВА. Синтаксис. Сөз тіркесі туралы түсінік. Есімді, етістікті сөз тіркесі.....99

Білім бастауы – Бастауыш

А.МАМИРКАНОВА. Киелі жеті саны.....103

Тілдер әлемі

Г.ҚҰЛЕКЕНОВА.

А.ТӨЛЕГЕНОВА.

А.ИСМАГУЛОВА. Біріккен сөздер111

Сыныптан тыс сабақ

С. Т. ЗҰЛҚАШЕВА. Ұлы жеңіс жасасын!.....117

Кітапхана тынысы

Д. РАХИМОВА. Арманы Ақжайықпен үндескен қаламгер.....135

Р. КЕНЖЕБАЕВА. Ұлы даланың ұлы тарихы.....137

А. ЗЕЙНЕКЕН. Болсайшы оқырманның бәрі осындай.....140

Мөлтек сыр

ҚҰРМЕТТІ ҰСТАЗДАР!

Айта-айта жасауыр болған бір мәселені сіздерге тағы да қозғағалы отырмын. Ол – біздің қазақ журналы. Өздеріңіз де білесіздер, мына кемелденіп, көздегенге қолымыз жететін заманда қазақ тілі басылымдарының шеттетіліп келе жатқаны белгілі.

Тамырын анау тереңнен, А.Байтұрсынов заманынан, бастау алатын “Қазақ тілі мен әдебиеті” журналының тағдыры қазіргі уақытта сіздермен байланысты. Осы ретте бір кездерде өшіп бара жатқан журналды жарыққа жарқ еткізіп шығарып, денсаулығын, ақтық демін тілге арнаған, журналдың бас редакторы болған З.Шілдебайұлының:

...Жоғалтып ала жаздаған,

Тілімен елім қауышты.

Маңдайға бұрын жазбаған,

Көтердік еңсе, дауысты.

Иманды ата дәстүрін,

Жаңадан ғана қолға алдық.

Болуға күш сап тас түйін,

Жас ұрнақ жайын толғандық.

*Айғағы соның – журналың,
Ашылған қайта бағыңа.
Ашыса егер шын жаның,
Жазылғын, сын – бұл арыңа.*

*Мұқият қарап, оқығын,
Айырып, асыл жасығын.
Көңілге нәрін тоқығын,
Айтқын тек сөздің ашығын.*

*Жіберіп ойлы мақала,
Журналдың өсір беделін.
Қалмасын қапы ата-ана,
Үнемі алып керегін.*

*Абырой бермес құр атақ,
Еңбегің болсын – сенерің!
Нашар боп шықса – ұят-ақ,
Жақсы боп шықса – мерейің!*

*– деген жүректі жара шыққан, сіздерге
арнаған сырларын жолдай отырып,*

*“Ұстаздар! Қазақ тілінің тағдыры – тікелей
сіздердің еңбектеріңізде, мамандықтарыңызға
деген адалдықтарыңызда! Жоғалтып
алмайық, төл журналдарыңызға жазылуды
ұмытпаңыздар!” – дегім келеді.*

Журналдың редакторы Г.Т. ЖҮСПОВА.

Таным табиғатында

О. ЖҮБАЕВА,
А.Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институты.
Грамматика бөлімінің меңгерушісі,
филология ғылымының докторы.
Алматы қаласы

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ – ҚАЗАҚ ТІЛІ БІЛІМІНДЕГІ ЖАҢА БАҒЫТТАРДЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ

(«Педагогика» атты оқулығының негізінде)

Елбасымыз Н.Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында: «Төл тарихын білетін, бағалайтын және мақтан ететін халықтың болашағы зор болады деп сенемін. Өткенін мақтан тұтып, бүгінін нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту – еліміздің табысты болуының кепілі дегеніміз – осы», – деп тұжырымдады. Президентіміз Қазақстанның келешектегі дамуын сөз еткенде, өткен тарихын да әрдайым есте ұстап, тарихтан тағылым алу керектігін ескертеді. Осыған байланысты «тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани код» ретінде ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының еңбектерін, тілтанымдық мұрасын әрдайым назарда ұстауымыз қажет.

Мағжан Жұмабаев өз заманында ақын, аудармашы болумен қатар шебер әдіскер, озық

педагог ретінде танылғаны белгілі. Қайраткер Бурабайда, Қызылжарда оқытушылық қызмет атқарып, Мәскеудегі университетте шығыс тілдері бойынша сабақ берген. М.Жұмабаев «Педагогика» (1922), «Бастауыш мектепте ана тілі» (1925), «Сауатты бол» (1926) атты оқулықтарымен педагогика және әдістеме ғылымдарының негізін қалады. Еңбектің кіріспесінде ғалым: «Қазақтың қаны бір, жаны бір жолбасшысы – **мұғалім**. Еліміздің азғана жылдық ояну дәуіріне баға беру үшін алты алаштың баласы бас қосса, қадірлі орын – **мұғалімдердікі**», – деп жазады.

Жан-жақты ғалымның «Педагогика» атты оқулығынан [1] қазіргі қазақ тіліндегі жаңа парадигмаларды, инновациялық бағыттарды терең түсінгенін, толық меңгергенін байқауға болады. Бұл оқулық терминжасамға, педагогика терминдерінің қалыптасып, дамуына қосылған ерен еңбек болды. Ғалымның өзі оқулықтың тіліне қатысты былай дейді: «Тәрбие ғалымдарының пікірлерін таңдап алуға ұмтылдым. Шамам келгенше, қазақ жанына қабыстыруға тырыстым... Бізде бұрын пән тілі болмағандықтан, түрлі терминдерге тап басқанда, қазақша сөз табу көп күшке тиді. Қалайда курстарда оқыған мұғалімдердің

жәрдемімен таза орыс сөздері қазақшаға айналдырылды. Ал енді жиһан тілі болып кеткен сөздерді қазақшаға аударам деп азаптануды тиіс таппадым».

XX ғасыр басында өзге тілдік сөздерді (терминдерді) қабылдауда төмендегідей ұстанымдар көзделген:

а). жат атаулардың мағынасын түсіндіргендей қазақ сөзін алу;

ә). оған қолайлы қазақ сөзі болмаса, түркі сөзін алу;

б). түркі сөзі де тура келмесе, қазақ тілінің заңына үйлестіріп, Еуропа сөзін алу [2].

Яғни Мағжан Жұмабаевтың терминжасам ұстанымдарында сол кезеңдегі (XX ғасырдың басындағы) қағидаттарды басшылыққа алған.

«Педагогика» бес салаға жіктелген: 1. Ақыл тәрбиесі, 2. Құлық тәрбиесі, 3. Сұлулық тәрбиесі, 4. Дене тәрбиесі [1]. Осы салаларды сипаттап, түсіндіруінен ғалымның *когнитивті лингвистика, психоллингвистика, коммуникативті лингвистика, нейролингвистика, функционалды лингвистиканы* да терең түсінгені аңғарылады.

Бүгінгі таңда танымның екі түрі туралы сөз болып жүр: **сезімдік және логикалық таным.**

Сезімдік таным – адамның сезім мүшелері арқылы қабылдау, түйсіну қызметімен

байланысты болса, логикалық таным ойлау нәтижесінде қандай да бір құбылыстардың мәнін, өзіндік ерекшеліктерін, заңдылықтарын айқындауға бағытталған.

Мағжан Жұмабаев оларды «жан көріністері» және «дене көріністері» деп атап, әрқайсысының айырмашылығын, өзіндік ерекшелігін былайша көрсетеді:

«Жан көріністері мен дене көріністерінің арасында көп айырма бар:

1). Сыртқы дүние заттарының бәрі, мысалы, қазан, дөңбек, құдық белгілі бір орын алып тұрады. Қандай зат болса да, оның орын алатыны бізге белгілі. Егерде бір заттың алып тұрған орнын өлшеген болсақ, пәлендей орын алып тұр дейміз. Өлшемеген болсақ, пәлен зат зор, не болмаса кіші, яки пәлен зат пәлен заттың не оң жағында, не сол жағында тұр дейміз. Сыртқы дүниедегі заттың өзі түгіл ол заттың ісі де белгілі бір орын алады, яғни белгілі бір орында болады. Мысалы, жүру – адамның ісі. Осы іс белгілі орында болмай ма? Әрине. Ал енді жан көріністері белгілі орын иелемейді. Мысалы, біз бір ойымызды пәлендей орын иелеп тұр, яки пәлен ой пәлен ойдың оң жақ, яки сол жағында тұр деп айта алмаймыз. Жан көріністері жалғыз уақытпен ғана өлшенеді. Біз жан көріністері

туралы, ой туралы пәлен уақытта болды, яки қазір ғана болып тұр дей ғана аламыз. Бұл – бір айырма.

2). Сыртқы дүние заттары һәм көріністері сезім мүшелері арқылы білінеді. Мысалы, бір малды көріп, бір иісті иіскеп, жылылықты сипап білеміз. Ал енді жан көріністерін сыртқы сезімдермен білуге болмайды. Мысалы, ұялу деп аталған жан көрінісін не көріп, не татып, қысқасы сезім мүшелерінің біреуімен біліп бола ма? Әрине, жоқ. Біз екінші адамда болып тұрған жан көрінісін өзімізді-өзіміз сынаумен ғана білеміз. Мысал үшін ұялу деген жан көрінісін алайық, қасымызда бір кісі бір орасан істі істеді де, қызарып кетті, біз осы кісиде ұялу жан көрінісінің болғанын біле қоямыз. Мұны қалай білдік. Ұят деген бір зат болып, көзімізге көрінді ме? Яки иіс болып мұрнымызға келді ме? Жоқ, бірі де болған жоқ. Біз жалғыз-ақ қарсыда отырған кісінің бетінде кенет қызылдық көрдік, басқа еш нәрсе сезгеніміз жоқ. Олай болса, жаңа қарсыдағы адамда ұялу жан көрінісі болды деген білім бізге қайдан келді? Мұның мәнісі мынау: күндерде бір күн біз де орасан бір іс істеп, жанымыз қысылып қалған, яки ұялған, жанымызда осы ұялу көрінісі болып қалған уақытта бетіміз дуылдап, қып-қызыл болып

кеткен, сонда біз біліп қойғамыз: «Ә-ә-ә... жанда ұялу көрінісі болғанда бет қызарады екен» деп. Жаңа қарсымыздағы адам қызарғанда, біздің оны ұялды дегеніміз осы. Яғни, ана адамның бетінде қызылдықты көргенде, біздің өз басымыздан кешкен іс есімізге түсе қалды, яғни біз өзімізді-өзіміз сынап қойдық. Қысқасы, жан көріністерін адам сыртқы сезімдерімен біле алмайды, өзін сынап қана біледі.

3). Сыртқы дүниеде бірнеше заттар, яки көріністер бір уақытта бола береді. Мысалы, денеде қан жүру, дем алу сықылды дене көріністері бір уақытта болып жатады, біріне-бірінің бөгеті жоқ. Ал енді жан көріністері бір уақытта болмайды. Олар бірінің артынан бірі болады. Мысалы, біз бір уақытта екі ой ойлай аламыз ба? Жоқ. Дұрыс, кей уақытта ойлар бірінің артынан бірі нажағайдың жарқылындай тез-тез келгенде, бізге осы ойлар бір-ақ уақытта болған сықылды көрінеді. Бірақ бұл көрінуі ғана, шынында әрқайсысы әр уақытта, яғни бірінің артынан бірі келіп-кетіп жатыр... [1].

А.Байтұрсынұлы дене көріністерін (сезімдік таным) **деректі зат есім**, жан көріністерін (логикалық таным) **деректі және дерексіз зат есімдер** арқылы түсіндіреді. «Тіл – құрал» атты еңбегінде ғалым таным түрлерін былайша

сипаттаған: «Зат тегінде екі түрлі: біреулері – көзге көрінетін, құлаққа естілетін, мұрынға иіскелетін, тілге татылатын, денеге сезілетін деректі заттар, екіншілері – көзге көрінбейтін, құлаққа естілмейтін, мұрынға иіс келмейтін, тілге татылмайтын, денеге сезілмейтін, адам ақылмен ғана білетін дерексіз заттар. Сол деректі һәм дерексіз заттардың атын көрсететін сөздерді зат есім дейміз» [3, 199-200-б.]. Яғни А.Байтұрсынұлы еңбектерінде адамның сезім мүшелері түгел қамтылған. Ал қазіргі кезде деректі және дерексіз зат есімдерді танып, топтастыруда сезім мүшелері толық емес.

Мағжан сыртқы сезім әсерлерін б-ға жіктеп (көру, есту, иіскеу, тату, сипау, ем сезімі): «Осы б сезім бізді сыртқы заттармен таныстырады. Яғни олардың түсі, түрі, дәмі, иісі һәм басқа сындарымен адам жанына түрлі білімді осы б сезім береді. Бұлар түгел болмаса, адамның жан тұрмысы түгел болмақ емес. Бұл алтаудың ішінде адамның жаны үшін аса қымбаттары – **көру мен есту**. Бұлардан соңғы – **сипау**. **Сипау – ем сезімі**. Ал енді **иіскеу мен тату сезімі** жан тұрмысы үшін аса қымбат сезімдер емес. Бұлар көбінесе дене тұрмысына қызмет қылады», – деп жазады [1].

Қазіргі кезде грамматика мен оқулықтарда

көзбен көріп, қолмен ұстауға болатын зат есімдер ғана деректі зат есім ретінде беріліп жүр. Шынтуайтында, бұл – бұрынғы материалдық көзқарасқа негізделген таным. Соның салдарынан дерексіз зат есімдер «адамның ойлауы арқылы ғана білуге болатын ұғым атаулары» деген сипаттамамен ғана шектеліп келеді. Ал Мағжан Жұмабаев жан көріністерін үшке жіктейді: *білу яки ақыл көріністері, ішкі сезім көріністері һәм қайрат көріністері [1].*

Бұлайша тану қазақ даласында ертеректе қалыптасқан. Абайдың қара сөзінде Ақыл, Қайрат, Жүректің таласып, Ғылымға жүгінуі бекер емес. Сол арқылы ақын жан көріністерін жіктейді. Мағжан жан көріністерін былайша сипаттаған: *«Біз бір заттың яки көрінісінің сынын белгілейміз, заттар яки көріністер арасындағы байламды яки айырманы табамыз. Бұл – ақыл ісі. Біз қайғырамыз, қуанамыз. Бұл – ішкі сезім ісі. Біз бір істі істемекші боламыз, бір мақсатқа жетпекші боламыз. Бұл – қайрат ісі».*

Ғалым: *«Адамның жан көріністері жоғарғы үш тапқа бөлінгенімен, бұл үш тап бір-біріне жуымайтын емес, бұл үш таптың арасында берік байлам бар. Яғни адамның жан тұрмысында бірлік бар. Екінші түрлі айтқанда, адам бір іс істегенде, осы үш тап жан көріністерінің үшеуі*

де қатынасады. Мысалы, біздің бір саусағымыз ауырды. Сонда біз саусағымыздың ауырғанын сеземіз. Бұл – ішкі сезім ісі. Саусақтың ауырған себебін тексереміз. Бұл – ақыл ісі. Сол ауруды жеңілдетуге, бітіруге, жазуға ұмтыламыз. Бұл – қайрат ісі. Ал енді адамның әрбір ісіне осы үш тап жан көріністерінің үшеуі қатынасатын болғандықтан, сол ақыл, ішкі сезім, қайрат үшеуін бірдей тең тәрбие қылу – тәрбиешінің міндеті... Бір адамның осы үш тап жан көріністері тең болмай, біреуі таразыны басып билеп кетсе, ол адам бақытты болмақ емес», – дейді. Бұл ойлары Абайдың қара сөзіндегі қағидаттарымен үндеседі. Әрі Мағжанның өзі де Абайдың

*«Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек,
Жылытқан тұла бойды асық жүрек,
Тоқтаулылық, талапты шыдамдылық,
Бұл қайраттан шығады, білсең керек.
Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек.
Жеке-жеке біреуі жарытпайды,
Жол да жоқ жарыместі «жақсы» демек.
Ақыл да, ашу да жоқ, күлкі де жоқ,
Тулап, қайнап бір жүрек қылады әлек.
Біреуінің күні жоқ біреуінсіз,
Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек», –*

деген өлең жолдарын келтіре отырып, «*Бұл туралы данышпан Абайдың төмендегі сөзі – шын дұрыс сөз*», – деп тұжырымдайды [1].

Мағжан Жұмабаевтың ұстанымдары Ахмет Байтұрсынұлының қағидаларымен де сарындас екенін байқаймыз. А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде: «Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: **1).** ақылға, **2).** қиялға, **3).** көңілге. **Ақыл ісі** – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғыну, тану, ақылға салып ойлау, **қиял ісі** – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау; **көңіл ісі** – тую, талғау. **Тілдің міндеті** – **ақылдың аңдауын** аңдағанынша, **қиялдың меңзеуін** меңзегенінше, **көңілдің түйюін** түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама-қадарынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын. **Ойын** ойлаған қалпында, **қиялын** меңзеген түрінде, **көңілдің** түйгенін түйген күйінде тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіруге көп шеберлік керек», – деп жазған еді [3, 343-б.].

«Педагогикадағы» тұжырымдарынан ғалымның когнитивті лингвистика, нейролингвистика, психолінгвистика қағидағтарын да терең меңгергені аңғарылады.

Концептуалды мазмұнды тілдің көмегінсіз сипаттау мүмкін емес. Себебі санадағы құбылыстарды тіл ғана бейнелей алады. Осыған байланысты Мағжан: «*Жанның жайын жарыққа шығару үшін, жанның сырын сыртқа білдіру үшін адамның екі құралы бар: **біреуі – мимика, біреуі – сөз. Мимика дегеніміз** – жанның сырының дене арқылы сыртқа білінуі (бас изеу, күлу, жылау сықылды). Мимика тілін әркім-ақ ұғады. Бірақ мимикамен бар нәрсені ұқтырып болмайды. Мимика – **ішкі сезім тілі**. Мимика арқылы ойды жарыққа шығаруға мүмкін емес. **Ойдың тілі** – сөз. Біз сөз арқылы ғана неше түрлі ойымызды сыртқа білдіре аламыз һәм басқа адамдардың ойларын біле аламыз. **Сөз болмаса**, адамда білім болмас еді. Атын атап, сөзбен бекітіп тастамасақ, жанда суреттер, ұғымдар тұрмас еді. **Сөз болмаса**, сөзбен адамзаттың бірін бірі ұғысуы болмаса, жер жүзіндегі осы күнгі адамзат тұрмысы деген тұрмыс та болмас еді. Қысқасы, жан көріністерінің **ең қымбаты** – **ой, ой тілі** – **сөз**», – деп жазады [1].*

Бұл ретте тағы да Ахмет Байтұрсынұлы мен Мағжан Жұмабаев тұжырымдарының сабақтастығы байқалады: «*Өнер алды – қызыл тіл*» деген қазақ мақалы бар. Мұны қазақ сөз баққан, сөз күйттеген халық болып, сөз қадірін білгендіктен айтқан. Алдыңғы өнердің бәрінің де қызметін

шама-қадарынша сөз өнері атқара алады, қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді суреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын, сөзбен сөйлеп суреттеп көрсетуге, таныстыруға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді» [3, 341-б.].

Шағын мақалада Мағжан Жұмабаев мен Ахмет Байтұрсынұлы ойларының сабақтастығын жан-жақты талдап жеткізу мүмкін емес. Екі ғалымның тұжырымдарын қысқаша, кесте түрінде былайша келтіруге болады:

Ахмет Байтұрсынұлы	Мағжан Жұмабаев
<p>Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама-қадарынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын. Ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіруге көп шеберлік керек.</p>	<p>Тіл – адам жанының тілмашы. Тілсіз жүрек түбіндегі бағасыз сезімдер, жан түкпіріндегі асыл ойлар жарық көрмей, қор болып қалар еді. Адам тіл арқасында ғана жан сырын сыртқа шығарып, басқалардың жан сырын ұға алады. Ойлаған ойын сыртқа шығарып, басқаға ұқтыра алса, адамның не арманы бар. Жазушы, ақын деген сөз – ойлаған ойын әдемілеп жарыққа шығара алатын адам деген сөз. Тілі кем болса, адамның қор болғаны. Ойың толып тұрып, айтуға тілің жетпесе, іш қазандай қайнайды да. Қысқасы, адамның толық мағынасымен адам аталуы тіл арқасында.</p>
<p>Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына</p>	<p>Тіл – әрбір адамға осындай қымбат болса, әрине, ұлт үшін де қымбат. Тілсіз ұлт, тілінен айырылған ұлт дүниеде ұлт болып жасай алмақ емес. Ондай ұлт құрымақ.</p>

<p>да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады.</p>	<p>Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болу. Ұлттың тілі кеми бастауы – ұлттың құри бастағанын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмасқа тиісті. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай көрініп тұрады. Қазақ тілінде қазақтың сары сайран даласы, біресе желсіз түндей тымық, біресе құйындай екпінді тарихы, сар далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі – бәрі көрініп тұр. Қазақтың сар даласы кең, тілі де бай.</p>
<p>XX ғасырға шейін түріктің тілін аздырмай, асыл қалпында алып келген, тіл турасындағы абырой мен алғыс – ҚАЗАҚҚА ТИІСТІ.</p>	<p>Осы күнгі түрік тілдерінің ішінде қазақ тілінен бай, орамды, терең тіл жоқ. Түрік тілімен сөйлеймін деген түрік балалары күндерде бір күн айналып, қазақ тіліне келмекші. Қазақ тілін қолданбақшы. Осы күнде-ақ айналып келе жатыр. Татардың әдебиет тілі жыл-жыл сайын қазақ тіліне жақындап келеді. Күндерде бір күн түрік балаларының тілі біріксе, ол біріккен тілдің негізі қазақ тілі болса, сөз жоқ, түрік елінің келешек тарихында қазақ ұлты төрден орын алмақшы. Келешектің осылай болуына біздің иманымыз берік. Жарық көрмей жатсаң да ұзақ, кен тілім, Таза, терең, өткір, күшті, кең тілім. Таралған түрік балаларын бауырыңа Ақ қолыңмең тарта аларсың сен, тілім.</p>

Мағжан Жұмабаевты қазақ ғылымында **психолінгвистиканың, нейролінгвистиканың негізін қалаушы ретінде тануға әбден болады.** Бұлай деп тұжырымдауымызға ғалымның мына сөздері дәйек бола алады: «Баланың тілі. Бала а дегенде іңгәлауды ғана біледі, яғни мағынасыз бір дыбыс.

Іңгәлау – баланың жанында болған жағымсыз әсерленулерді дыбыспен жарыққа, сыртқа шығарғаны. Екінші айдың аяғында, үшінші айда бала дауысты дыбыстарға бірте-бірте дауыссыз дыбыстар да қоса бастайды. Ең алғаш ерінмен айтылатын дауыссыз дыбыстарды қосады. Сол кезде баланың жанында суреттеулердің, һәм ұғымдардың ұшқындары да бола бастайды. Яғни, маңайындағы заттарға қарап, олардан әсер алып, әсіресе олардың күшті бір сынынан күшті әсер алады да, сол затқа сол баланың қарауында күшті сыны бойынша ат қояды. Яғни сөз жасайды. Мысалы, сиырды «мө» дейді, мысықты «мияу» дейді. Екінші түрлі айтқанда, бала затқа атты сол заттан шыққан дыбысқа еліктеп қояды. Бір жылдың аяғында бала көп сөздерді түсінетін болады. Бірақ өздері айта алмайды. Бір жасар баланың білетін сөздері 10-15-тен артпайды.

Ал енді бала жаңа жүре бастаған кезде

(2-нші жаста) оның сөз үйренуі біраз тоқтап қалады. Жүріп үйреніп алған соң, тағы сөзге кіріседі. Бір жарым жас кезінде бала бірталай сөз айта алатын болады. Бірақ түгел айта алмайды. Сөздің не басын, не аяғын ғана айтады. Мысалы, баланың ішем дегені де – «іш», ішеді дегені де – «іш», іш дегені де – «іш». Ал енді бала айта алмайтын дыбыстың орнына екінші дыбыс қолданады. Мысалы, «р» орнына «и» жүргізеді. **Кейбір адамдардың баланың өз тілінше сөйлеп, балаға тез ұқтырам деп, яки баланы еркелетіп, әдейі тілдерін бұзып, балаша шолжыңдап, сақау болып сөйлейтіндері бар. Бұл – зор қате. Бұлай сөйлеу – баланы түземейді, бұзады. Баланы адастырып, оның сөзді дұрыс сөйлеп үйренуіне бөгет болады. Бала сөзін дұрыс сөйлеген үлкен кісінің сөзіне қарап дұрыстайды ғой. Бала бастап заттардың атын (зат есімдерді), онан соң заттардың ісін (етістіктерді), онан соң заттардың сынын (сын есімдерді) айтып үйренеді.**

Екінші жылдың аяғында бала қысқа сөйлемдерді айта алады. 3-4-інші жылда бала жап-жақсы сөйлейтін болады» [1].

Келтірілген тұжырымдар бүгінгі таңдағы психолінгвистикаға арналған еңбектерде де сөз болып келеді. Қазіргі таңда морфологиялық

концептілердің бейсаналы сезімде болатынын растайтын тұжырымдар баршылық. Ол тұжырымдар Мағжан Жұмабаевтың тұжырымдарымен ұқсас. Мысалы, А.А. Леонтьев мектеп табалдырығын жаңа аттаған бүлдіршін практикалық тұрғыдан алғанда, тілді меңгерген сөйлеуші екенін ескертеді [4]. Алайда грамматиканы үйрену барысында бала бірқатар қиындықтарға тап болады, себебі грамматикалық концептілерді түсіну оңайға соқпайды. Бала мектепте дайындықсыз әрекетін саналы түрде зерделей бастайды. Бала белгілі бір сөзді қандай да бір сөз табына жатқызуға қиналады. Алайда мектепке бармаған баланың өзі де күнделікті сөйлесу барысында сөздерді дұрыс қолдана береді (Мағжанда: Бала бастап заттардың атын (**зат есімдерді**), онан соң заттардың ісін (**етістіктерді**), онан соң заттардың сынын (**сын есімдерді**) айтып үйренеді т.с.с.). А.А.Леонтьев бұл ерекшелікті баланың сөз таптарының лингвистикалық белгілерімен сәйкес келе бермейтін өзіндік жүйесі болатынымен түсіндіреді [4]. Ғалым: «Грамматиканы, септік жүйесін үйреткен кезде балаға қандай да бір жаңалықты ашпаймыз, бала бұған дейін де сөздерді дұрыс септей алады», – дейді [4, 260-б.]. Тіпті балаға грамматиканы үйретпесе

де, өзі-ақ үйреніп алады. Ол сезімдегі негізгі морфологиялық концептілер негізінде жүзеге асады. Яғни Мағжан Жұмабаевтың еңбектері мен жалпы тіл біліміндегі ұстаным, тұжырымдарда сабақтастық аңғарылады.

Мағжан педагог ретінде баланың тілін қалай дамыту керектігін, бала тәрбиесі қандай болуы керектігін де көрсетіп отырады: *«Бала тілінің дұрыс өркендеуінің бірінші шарты – балаға сөзді бұзып сөйлемей керек. Және балаға ұқпайтын жат сөз үйретпеу керек.*

Екінші – баланы өзі теңді балалармен бірге ойнату керек. Баланы ешбір уақыт сөзден тыймау керек. Былдырласын, шолжыңдасын – сөйлей берсін. Ал енді баланың тілін шын дұрыс жолға салатын, дұрыстайтын, байытатын – мектеп... Жас бала – жас бір шыбық, жас күнде қай түрде иіп тастасаң, есейгенде, сол иілген күйінде қатып қалмақ. Теріс иіліп қалған шыбықты артынан түзеймін десең, сындырып аласың. «Баланы – бастан» деген сөздің мәнісі осы. Тәрбие деген – баланы бетке қақпай, бетімен жіберу емес. Яки отырса басқа, тұрса аяққа ұрып, көрбала қылып өсіру де емес. Баланы тәрбие қылу – тұрмыс майданында ақылмен, әдіспен күресе білетін адам шығару деген сөз. Қалса – өзін, асса – барлық адам баласын адал

жолмен өрге сүйрейтін ер шығару деген сөз» [1].

Сонымен, Мағжан Жұмабаевтың ұстанымдарын дендей зерттесек, ХХ ғасырдың басындағы қазақ ғылымының **(қазақ ғылымының алтын ғасыры!)** қаншалық құлаш ұрып, алға басқанын көреміз. **Жаңа парадигмаларды, ғылымдағы жаңа бағыттарды шетелдік еңбектерден іздемей тұрып, алдымен қазақ жеріндегі зерттелуін түсініп, ұлттық сипатта танытқан ғалымдарымыздың еңбектерін екшеп алуымыз қажет.**

Жоғарыда келтірілген дәйектерді қорыта келе, **«Мағжан Жұмабаев – қазақ тіл біліміндегі когнитивті лингвистика, коммуникативті лингвистика, нейролингвистика, психолінгвистика, функционалды лингвистика т.с.с. бағыттардың негізін қалаушылардың бірі»** – деп айтуға толық негіз бар. **Бүгінгі таңда жаңа бағыт ретінде танылып жүрген инновациялық парадигмалар қазақ жерінде әлдеқайда ертерек пайда болған, ХХ ғасырдың басында толық қалыптасқан деуге әбден болады.**

Пайдаланылған әдебиет:

1. Жұмабаев Мағжан Шығармалар жинағы.

3-том. Аудармалар, ғылыми еңбек, мақалалар. – Алматы: Жазушы, 2008. – 97-187-б.

2. Жолдыбаев М. Қазақ тілін байытамыз // Еңбекші қазақ. 12.VIII.1926.

3. Ахмет Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасы. – Астана, 2017. – 751 б.

4. Леонтьев А.А. Общение как объект психолінгвистического исследования // Методологические проблемы социальной психологии. – М., 1975. – С. 251-261.



М. ӘБІЛҰЛЫ,
филология ғылымының
кандидаты, Тараз
инновациялық-гуманитарлық
университетінің доценті.
Тараз қаласы

ЯСАУИТАНУ ЖӘНЕ МЕКЕМТАС МЫРЗАХМЕТҰЛЫ

*(Профессор М.Мырзахметұлының «Ясауи ілімін
жалғастырушылар», «Ясауи және Абай» атты
ғылыми мақалалары туралы)*

М.Мырзахметұлы сопылық ілім негізіндегі дүниетаным туралы мұнан 12-14 жыл бұрын жалпақ әлемге өз тұжырымын былай деп білдірді: *«Сопылық ілім негізіндегі дүниетаным Түркістан өлкесінде ІХ-ХІІІ ғасырлар аралығында жанданып, кең өріс ала бастағаны байқалады. Ал оның арғы түп төркініне ой жүгіртсек, Ваиз Кашифидің «Футувватнамаи Султания» еңбегінің хабарлауынша, тақуалық бағыты Шиши пайғамбардан бері келе жатқан рухани құбылыс сияқты...»* (3-бет). Міне, яссауитанушы-ғалым М.Мырзахметұлының осындай ғылыми тұжырыммен сопылық әдебиетті зерттеуге басқан қадамы қазақ әдебиеттану ғылымында тосын құбылыс болғанын мойындауымыз қажет.

Ясауидің әдеби мұрасының қазақ оқырмандарына кешігіп жеткені рас. Ал өзбек ағайындарға бұл кітап өткен ғасырдың 70-ші жылдарында-ақ қолдарына тигені белгілі. Әйтсе де біздің қазақ:

«Ештен кеш жақсы» дейді ғой. Тәуелсіздік туы желбіреген соң ғана қазақша сөйлеген Ясауидің исламдық-мұсылмандық поэзиясы өскелең ұрпақтарымыздың көңіл кірін жуып, төңірегіне имани-мұсылманшылық ой-санамен қарай бастағанын айтуға толық негіз бар деп ойлаймыз.

Ал осы тәуелсіздік елімізге енген соң өскелең ұрпақтардың санасын имандылық пен адамгершілікке, рухани байлығымыздың артуына қомақты үлес қосу үшін жанталаса еңбек еткен ғалымдарымыздың еңбегін елеп, оларға баға беру – біздің азаматтық міндетіміз.

1993-жылы Алматыдағы Қазақстан Республикасы Ұлттық Академиясы, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты жанынан құрылған Қазақстан мәдениет қорының «Мұраттас» ғылыми-зерттеу баспа орталығынан А. Ясауидің «Диуани хикмет» («Ақыл кітабы») деп аталатын кітабының қазақ тілінде жарық көруі әдебиетіміздегі жаңалықтардың бірі болды. Жинақты баспаға әзірлегендер М. Жармұхамедұлы, С. Дәуітұлы, М. Шафиғи еді. Бұл кітаптың жарық көруі туралы ғалым М. Жармұхамедұлы былай деп жазды: *«Назарларыңызға ұсынылып отырған бұл аударма М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Әдебиет тарихы бөлімінің жоспарлауымен іске асырылды. Бұған осы институттың бір топ ғалымдары көп жылдар бойы ізденіп еңбек етті...»* (М.Жармұхамедұлы,

«Алғы сөз», кітапта: Қожа Ахмет Ясауи, «Диуани хикмет», («Ақыл кітабы»), Алматы, «Мұраттас» баспа орталығы, 1993-жыл, 15-бет). Адам баласын имандылық пен адамгершілікке үндейтін А.Ясауидің бұл «Ақыл кітабы» қазақ тіліне тұңғыш рет тәржімаланған дүние болды. Сөйтіп рухани байлығымызға айтулы үлес болып қосылған А.Ясауидің әдеби мұрасы жүректерге жол тартты...

Сол ғалымдар мен әдебиетшілердің арасында қолынан қаламын тастамай, саналы ғұмырын рухани байлығымызды молайтуға жұмсаған Мекемтас Мырзахметұлы ағамыз жүрді.

Бірақ, қазір сол, өткен ғасырдың аяғында, яғни 1998-жылы Алматыдағы «Санат» баспасынан жарық көрген «Түркістанда туған ойлар» атты кітапты оқып, сонан тағылым-тәрбие алып, қазіргі таңда «мен бәрін білем» деп көзін жұмып: «Мекемтас Мырзахметұлы діни-исламдық қағидаларды білмейді» деп «данышпан» болып жүрген сабаздарың да баршылық...

Қасиетті Құран кітабындағы сүрелер мен аяттарды поэзияға айналдырып жырлау – Ясауи өмір сүрген заманда көшпенді түркі-қыпшақтары үшін мұсылмандық тәрбиенің идеологиялық кілтті болғанын мойындауымыз қажет. М.Мырзахметұлы сол кілтті алғаш ұстап, идеологиялық сандықты алғаш ашқан ғалымдардың бірі. Олай дейтініміз ғалым: «...қазақ халықының ой санасында, қоғамдық сананың бір көрінісі ретіндегі қазақ

әдебиетінде сопылық таныммен қарым-қатынасы болған ба, болса қай дәрежеде көрініс берген деген күрделі мәселенің алдымызға қойылуы да заңды. Өйткені бүгінгі аға ұрпақтың өзі мен жаңа буын ұрпақтың бәрі де өткендегі тарихы мен тілінен, дінінен, халықтық жалғастық тауып келе жатқан тарихи жадынан, әдет-ғұрпынан көз жазып қалуы – біздің рухани қасіретімізге айналып отыр. Ұрпақ пен ұрпақ арасындағы жалғастырушы дәстүрлік байланыстар үзілді. Бұл құбылыстың әсіресе қазақ даласында бұрын кеңінен таралып, өріс алған сопылық танымдағы поэзияның классигі Ясауидің әдеби мұрасынан қол үзуі де көрсетіп отыр...» (5-бет) – деп, рухани санасы әлсізденіп бара жатқан қазақ жастарын дер кезінде ескерту жасап, рухсыз сананы дер кезінде «емдеген» еді.

М.Мырзахметұлы: «Ресей патшалығының отарына айналған Түркістан, Кавказ, Сібір, Еділ бойын жайлаған түрік халықтары, әсіресе Кеңес үкіметінің алғашқы өмір сүру кезінен бастап олардың теологиялық дүниетанымы қатаң түрде қуғындалып, атеистік насихат бас көтере бастады. Халықтың ұлттық салт-санасы, діні, тарихи жады идеологиялық шабуылдың қатаң қыспағына түсті. Әсіресе, Ясауидің сопылық жолы, дүниетанымы, әдеби мұрасы ресми түрде терістеліп, жаңа талап, жас буын ұрпақтың ой санасында жалғастық таппай шайылып мүлде ұмытылуға айналды...» (5-6-беттер) – деп ашына

жазды.

XV-XIII ғасырлардағы қазақ хандығы дәуірі әдебиетіндегі діни-исламдық сарынды зерттеу ісі кенжелеп қалғанын, осы игілікті мәселені қозғау керектігін де сөз еткен М. Мырзахметұлы болатын. Ол былай деп жазды: *«Қазақ хандығы тұсындағы XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясының көрнекті өкілдері шығармаларында сопылық танымның сарындары белгілі дәрежеде белгі беріп отыратыны бар. Бірақ олардан қалған әдеби мұраның жазбаша не ауызша сақталып толық жетпеуі себепті, олардың поэзиясындағы сопылық танымның белгілерін, жүйеге түсіріп барып танып білудің өзі қиындық тудыруда. Бұл мәселе өз алдына арнайы зерттеу нысанасына алынып, келешекте пікір қозғалуы қажет...»* (7-8-беттер).

Ясауи поэзиясы мен Бұқар жыраудың поэзиясы арасындағы сопылық танымның қатпарларын салыстыра отырып, мынадай сананы оятатын, терең маңызы бар пікір өрбітеді: *«Ясауидің сопылық ілімінің сарыны негізінде айтылатын, соны нысана етіп сөйлейтін Бұқар жырау ойының мазмұны:*

Жалғандыққа жақсылық

Еткен таза арыңды айт.

Қара қылды қақ жарған,

Наршаруандай әділді айт,

Лауқы менен кәламды айт! – деген өлең өрнегімен берілген ой оралымдарының жыр болып төгілуі – ұғына білгенге көп сырды аңғартқандай,

аумағы бар күрделі ой танымдар жатыр. Бұл өлең жолдарындағы сопылық танымдағы гуманистік асқарлы ой, адамзат аңсап келген әділет ұғымының толқын ата желбіреген асқақ туына Бұқар жырау жайдан жай назар аударып отырмаған тәрізді...» (8-9-беттер).

М. Мырзахметұлы Ясауи хикметтері туралы, оның насихатталуы мен танымдық құдіреті туралы былай деп жазды: *«Ясауидің сопылық танымдағы өлеңхикметтері қазақ елінің ой санасында ғасырлар бойы орын алып, хикметтер тобын көкірек көзі ашық азаматтар жатқа айтып, халық арасында үздіксіз насихаттап жайып отырған...»* (9-бет).

«Бесқала» (Қарақалпақстан) өлкесіндегі қазақтар Ясауи хикметтерін даналық өсиет ретінде қабыл алғаны, осы өлкедегі қиссашылардың данышпанның хикметтерін белгілі бір мақаммен ауыл аралап жүріп жатқа айтқанын осы күндегі көнекөз қариялар әңгімелеп отырады. Қиссашы діни ағартушы ақындар Өтім Балтуғанұлы, Ұлжан Бекенқұлқызы, Мыңбай Есмағамбетұлы Ясауи хикметтерін ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырушылар болғаны рас.

«Қазақ қауымының қоғамдық ой санасы негізінен қазақ поэзиясында шоғырланған. Мұның да өзіне тән ерекшелігі бар. Қазақ поэзиясы (әдебиеті) бүкіл қоғамдық-әлеуметтік ой сананың қызметін атқарушы универсалдық функциясы болуы себепті де, біз қазақ халқының ой санасындағы сопылық

танымның белгілерін көбінесе қазақ ақындарының туындыларынан іздестіреміз...» (10-бет) – деп жазды М. Мырзахметұлы.

М. Мырзахметұлы Ясауи ілімін жалғастырушылар туралы пікір өрбіткенде, Ясауи тарих атын жалғастырушылар Арыстанбабтың баласы Мансұр туралы, онан соңғы шәкірттері Абдул Мәлік ата, Зеңгі бабаның әкесі Ташқожа, Сүлеймен Бақырғани, Зеңгі аталардың есімдерін атап өтіп, XV-XVIII ғасырлардағы қазақ жыраулар поэзиясындағы сопылық сарындар туралы ой өрбітеді. Сонымен қатар Шамсиддин Табризи, Бұқар жырау, Дулат, Шортанбай, Ақан сері, Албан Асан, Абай, Шәкәрім, Бекет ата, Қашаған Күржіманұлы, Әбубәкір Кердері, Әйімбет ишан Қаймақбайұлының т.б. поэзиялық шығармаларындағы сопылық дәстүрді алға тартады.

М. Мырзахметұлының «Ясауи және Абай» атты ғылыми мақаласында дүние жүзіне мәшһүр болған Абай Құнанбайұлының сопылық әдебиеттегі орыны туралы ғылыми тұжырымдар жасап, Абайдың поэзиялық шығармаларындағы сопылық көзқарастары туралы ой өрбітеді. Ғалым Абайдың сопылық арнадағы көзқарастары туралы ғылыми тұжырымдардың жасалуына әртүрлі саяси-идеологиялық кедергілер болғандығын ашына жазды: *«Абай мұрасының жалпы суфизмге, оның ішінде Ясауидің сопылық таныммен қарым-*

қатынасы жайлы мәселе абайтанудың жүз жылдық тарихында тікелей де, жанама түрде де сөз болып пікір айтылған емес. Абайдың әдеби мұрасының рухани нәр алған көздерінің бір саласы ретінде Шығыстың рухани қазына көздері деген ұғым ғылыми тұрғыдан танылып мойындалса да, бұл саланың арнайы зерттеу нысанасына алынып меңгерілуіне әр қилы жасанды саяси-әлеуметтік тосқауылдар болып келеді. Абай мұрасының шығысқа қатысы жайлы пікір айтқан Абайды танушы қаламгерлердің шығыс тілдерін білмеуі немесе орталықтан евроцентристік танымның насихатталып ақыл ой-сананы тұтқындауы, оқтын-оқтын ақыл-ой иелерін саналы түрде қуғынға алып, көзін жойып отырудың етек алуы да алға басуға оралғы бола берді...» (15-16-беттер).

Ясауитанудың алғашқы беттеріне осындай ғылыми тұжырымдар түрен салынбаған тың жерге түскен соқадай өрілді. Бұл бірінші кезекте саяси идеологияның іргетасы сияқты зиялы қауым өкілдері арасында ясауитанушыларды қалыптастыра бастағаны әммеге аян. Мұның өзі рухани байлығымыздың арта түсуіне, діни-мұсылмандық дәстүрлердің дамуына ясауи ілімінің өте қажет екені дәлелденген-ді. Құран аяттары мен сүрелерінің Ясауи хикметтерімен үндесуін ғылыми тұрғыдан зерттеп, зерделеу терең ой мен сабырлылықты, мұсылмандық әлемге кең қанат қағып самғауды талап ететін-ді. Әрине, бұған

Мекемтас Мырзахметұлы атүсті қарамай, Ясауи іліміне тереңдей енуіне мүдделі болып шықты.

«Ясауи және Абай» деп аталатын ғылыми еңбегі қазақ халқының рухани тарихи дамуын екі кезеңде жақындастырды. Ясауи мен Абай үндестігін жақындастырды. Мекемтас Ясауиді қазақ даласына жақындаттырды, Абаймен үндестігін қаузап, данышпан екі тұлғаның ой тереңдігіне шолу жасап, тұлғалар үндестігін қабыстырды. Сөйтіп, қазақ әдебиеттану ғылымында діни ағартушылық бір тұтас идеологиялық танымдық ағым қалыптастырылды.

Абайдың араб әдебиетімен, иран әдебиетімен байланысы туралы пікір өрбіте отырып, Ясауи хикметтерінің мағынасы мен мәніне терең үңілді. Ол жөнінде: *«Абайдың балалық шағында Семейде оқыған Ахмет Риза медресесі жабық оқу орнына жуық, тәртібі де қатал әрі дәрістің барысында сопылық сарын күшті болатын-ды. Орта Азия, Еділ бойы, Кавказ, Қазақстан жеріндегі медреселерде Ислам дінінің негіздері басым оқытылғанымен қатар, ол оқу орындарында сопылық поэзияның классиктері де молынан оқытылатын. Ал Қожа Ахмет Ясауи, Сопы Аллаяр, Сүлеймен Бақырғани т.б. сопылық сарындағы шығармалары түркі тілінде басымырақ оқытылатын. Семейдегі Ахмет Риза медресесі де осы қалыпты сақтайтын. Сондықтан Семей медресесінде дәріс алған, таза мұсылмандық дүниетаным мен сопылық*

әдебиетпен қаныққан Абайды суфизм әсерінен құлан таза аулақ болды деуге келмейді. Қандай жолмен болса да, жаңа талап балаң ақынның тұтқыр санасында, алғашқы ақындық қадамында, тіпті келе-келе кемелденген тұсында да сопылық поэзия мен суфизм танымының белгі бермей қалуы ойға қона да, табиғи қалыпты таныта бермейді...» (сонда, 19-бет) – деп жазды.

Бұқара мен Хиуа қалаларындағы діни медреселерде көптеген қазақ жыраулары мен ақындары білім алғаны белгілі. Олардан Ерiмбет Көлдейбекұлы, Тұрмағамбет Iзтілеуұлы (Сырбойы), Әйiмбет ишан Қаймақбайұлы, Өтiм Балтуғанұлы, Омар Сейiлұлы, Мыңбай Есмағамбетұлы, Бекенқұл Ақымбетұлы, Ұлжан Бекенқұлқызы (Бесқала), Өзiбек Ақжолұлы (Әулиеата) т.б.

Сопылық поэзияның сарыны сезiлетiн Хиуадағы діни медресені оқып тауысқан Әйiмбет ишан Қаймақбайұлының шығармашылығы жөнiнде М.Мырзахметұлы былай деп жазды: *«Ясауи хикметтерiн Қарақалпақтағы қазақтар арасында да кеңiнен таралып, жатқа айту салты енгенiн ХIХ ғасыр соңы мен ХХ ғасырдың бiрiншi жартысында Тақтакөпiрде гұмыр кешкен Әйiмбет ишан Қаймақбайұлының (1855-1937):*

*Хикметтердi жаттап ап,
Тарқат көңiл бұлтыны.
Ертең тыңда, кеш болар,
Жассың, гүлсiң бұл күнi,-*

деген өзіндік мақамы бар өлең өрнегі де айғақтап тұр. «Қамысты» деген жерге Әйімбет салдырған мешітте Ясауи хикметтері оқытылып, кең көлемде насихатталып отырған...» (М.Мырзахметұлы, «Түркістанда туған ойлар», Алматы, «Санат» баспасы, 1998-жыл, 15-бет).

Орыс империясының отаршылдық саясаты Бұқара мен Хиуа қалаларындағы діни медреселерде мұсылманшылық дәстүрлердің кең қанат жая бастағанынан секемденіп, мұның алдын алуды көздеді. Отаршылдық саясаттың тереңдей енуі соншалық оны жедел қарқынмен жүзеге асыру ісі жүргізілді. Түркістан генерал-губернаторы С. М. Духовский жергілікті түркі халықтарын бағындырудың айла-шарғысын жасап бақты. Соның бірі – түркі халықтарының мәдени-рухани байлығын жоюды көздеген құжат еді. Бұл құжат бес баптан тұрды:

«1. Халықтың мәдени-рухани көңіл-күйіне күшті ықпалын тигізетін барлық мұсылман мекемелеріне, әсіресе медресе жұмыстарына белсенді түрде араласу.

2. Барлық мұсылмандарды бірлестіруге қабілетті күш болып саналатын мұсылмандық басқа бір кеңсенің құрылуына жол бермеу.

3. Барша мектептерді әкімшіліктің ықтиярына өткізу және барлық мұсылмандық оқу орындары мен білім мекемелерін тіркеп, оларды тұрақты бақылауға алу.

4. Түркістан мұсылмандарына да яхудиелерге орнатылған қатынас пен мәмілені енгізу, сол себепті барлық мұсылман мектептеріне яхудиелер жөніндегі 1893-жылғы 1 наурыздағы заңды қолдану; бұл заңға сәйкес мұсылман мектептерінің оқытушылары жыл сайын айрықша куәліктер алып, оған ақы төлеуге міндетті.

5. Саяси тұрғыдан зиянды деп саналған мұсылман мекемелерін жабу құқығын генерал-губернатордың өзіне беру, ал жанұя мен неке істерін шешу құқығын орыс әкімшілігіне қайтару...» (Х.Бабабеков, Ж.Рахимов, Х.Садықов, «Өзбекстан тарихы», «Өзбекстан» баспасы, Ташкент, 1995-жыл, 146-бет).

Осындай қысымға қарамастан, Бұқара мен Хиуадағы діни медреселер өз жұмысын жалғастырып жатты. Медреседе ақындық қабілеті бар жастарға Ясауи хикметтері оқытылды.

Біз мұнан қазақ даласындағы ақын-жыраулар поэзиясынан мұсылмандық Шығыстың әсері мол екенін сеземіз. Сол әсер Абайға да жетті. Абай поэзиясындағы сопылық сарын туралы М.Әуезов былай деп ой өрбіткен: «...Шығыс ақындарының шығармаларында үлкен орын алған үлгі – сопылық... Абай жас кезінде жазған «Әлиф би» өлеңінде әріптерді алып отырып, өлең түрімен ойнатады. Жалпы өлеңнің мазмұны аспан тілегі емес, жер тілегі... Құрылысы, стилі жағынан «Иузи-рәушаннан» басқа... «Әлиф би» мен «Иузи-рәушан»

өлеңінің айырмашылығы *«Иузи рәушанда»* жер үстінде көретін махаббат емес, сопылық сарында жазылған» (М.Әуезов, «Абайтану дәстүрі», Алматы, 1994-жыл, 44-бет).

М.Мырзахметұлы Абай қарасөзіндегі сопылыққа қатысты мәселелер жөнінде де ғылыми тұжырымдар жасап, Абайдың қара сөздеріндегі діни мұсылманшылық тұжырымы туралы пікір өрбітеді: *«Абай өзінің бірінші қарасөзінде ендігі өмірін не қарекетпен өткізбегі жайында пікір қозғағанда: «Сопылық қылып, дін бағу. Жоқ, ол да болмайды, оған да тыныштық керек. Не көңіліңде, не көрген күніңде бір тыныштық жоқ, осы елде, осы жерде не қылған сопылық?» – деп, дін бағудан бұрын сопылық қылуды алға қоя сөйлейтіні бар. Бұл жай айтыла салған пікір емес, оның астарында терең мәнді мағынасы бар сөз. Өйткені, бүкіл түркі халқының бәріне ортақ ойшыл ақыны, яғни Түркістанның пірі атанған Қожса Ахмет Ясауидің «Диуани хикметінде» баяндалған сопылық дүниетанымның далалықтар арасында басымырақ таралғанын ескермеске де болмайды...»* (20-бет). Бұл М.Мырзахметұлының Абайдың қарасөздеріндегі сопылыққа қатысты ой-пікіріне алғаш рет тереңдей енуі еді. Сонымен қатар Абайдың Ясауидің шәкірттерінің бірі – Софы Аллаярдың поэзиясына ден қоюына назар аударады. Сол арқылы Абайдың Шығыс поэзиясына деген ынтықтығын кесек ойларымен дәлелдейді.

Абай поэзиясының сопылыққа қатынасы туралы: *«Абайдың суфизмге қарым-қатнасын, тіпті, оның дүниетанымымен де ортақтасатын жақтары барлығын Абайда өзекті желідей тартылатын камилинсани, яки толықадамнемесеинсанияттың кәмәлаттығы мен бенделіктің кәмәлаттығы жайлы ой толғаныстары да айғақтап жатады...»* (22-бет) деп, Абайдың сопылықтағы тұлғасын анықтап береді.

М. Мырзахметұлы М. Әуезовтің Абай шығармаларының сопылық поэзияға қатысы туралы там-тұмдап жазған пікірлеріне өзінің көзқарасын білдіре отырып, Шәкәрім Құдайбердіұлының сопылық поэзиясына да, ғылыми тұрғыда тұжырымдар жасайды. Профессор Қ. Жұбановтың Шәкәрім туралы өрбіткен ғылыми пікірлері туралы өз ойын білдіреді.

М.Мырзахметұлының «Ясауи ілімін жалғастырушылар», «Ясауи және Абай» деп аталатын ғылыми мақалалары қазақ әдебиеттану ғылымында қазақ әдебиетінде Абай мен Шәкәрімнің Ясауи тағылымы арқылы қазақ поэзиясында ерекшелік танытқанын, олардың сопылық әдебиеттегі орыны туралы мол мағлұмат береді.



Ұстаз мерейі

Б. Б. АХЫЛБЕК,
«№104 жалпы білім
беретін мектеп» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Алматы қаласы,
Әуезов ауданы

АЛАШТЫҢ АЯГҮЛІ **70 ЖАСТА!**

«Әр ұрпақ өзіне артылған жүкті жетер жеріне апарып тастағаны дұрыс. Әйтпесе болашақ ұрпағымызға аса көп жүк қалдырып кетеміз. Кейінгі ұрпақ не алғыс не қарғыс беретін алдымызда зор шарттар бар.» [Ә.Б] Біз алдыңғы буынның салған ізіне қарап бой түзедік. Олардың елден алғандарынан бергендері көп. Төменде өзіне артылған жүкті жетер жеріне әкелген ұлағатты ұстаз жайлы сөз болмақ...

Ағымдағы жыл №104 жалпы білім беретін мектепте ҚР Еңбек Ері, ардагер ұстаз Аягүл Төреқызы Миразованың 70 жылдық мерейтойын өткізуге арналған «Ұстаз – ұлық емес, ұлы қызмет» атты іс-шаралар өтті. Аталмыш тақырыпта мектеп педагогтары арасында эссе конкурсы жүріп, соның ішінен іріктелген жеті эссенің үшеуі эссе жинағына енді. Эссе конкурсына жауапты мұғалімдер Байғалиева Б.М., Қапанова А.Қ. өз белсенділіктерін көрсетіп, директордың алғысына бөленді. Дәл осы тақырыпта 4-желтоқсан күні жоғары деңгейде бағаланған сынып сағаттары өткізілді. Мектеп оқушылары ұлағатты ұстаздың өмір жолымен жете танысты. Сонымен қатар, мектебіміздің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Байғалиева Б.М. 7-желтоқсан

күні қала көлемінде өткізілген «Педагог мәртебесін көтеру» атты дөңгелек үстелге қатысып, өз ойын ортаға салды. Бакенова Р.Ш., Ускембаева Ж.К., Ақмамбетова И.О., Қиқымбаева М жауапкершілікпен қарап ең жақсы өткен сынып сағаттарын ауданға жіберді.

Оқушыларының жетістігіне, қызығушылықпен ізденуіне, креативті ойларына мақтанбайтын ұстаз жоқ шығар, сірә?! «Ұстаздық қызмет – абыройлы міндет» тақырыбында 8-10 сынып оқушылары арасында интелегентті деңгейде өткен пікірталасты тілге тиек етпеске болмайды. Оқушылар Аягүл Төреқызының ұстаздық жолынан түрлі мысалдар келтіре отырып, еркін ойларын ақтарды. Оларды баулыған мектебіміздің ұстаздары Алимбетова А.Ж., Демен Т.Ж., Жапарова Ж.Т., Раймқұлова А.Б жауапкершілікті іс атқарды. Осы іс-шараның басы қасында болып, бақылап басшылық еткен директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Самат Жұмабековке және атсалысқан ұжым ұстаздарына Аягүл Төреқызының ізгі жолы нәсіп етуін тілеп директорымыз Мұхтарқұлова Айза Алпамысқызы сөзін қорытындылады.

Меніңше, әр ұстаз осындай ұлағатты ұстаздардан көргенін түйіп, солардың дара жолымен жүруді армандаса керек. Аягүл апайдың әлі де армандары бар болар. Армансыз адам болмайды. Десек те, болашақ ұрпақтар алдында жүзі жарық, қасқайып тұрып сөйлей алары – өмірінің бос өтпегені дер едім. Осындай ұстаздардың елге жасаған қызметінен кейін әр маман сәт сайын «Оян, Қазақ!» ұранымен өзін қамшылауы керек іспетті...

ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР АРҚЫЛЫ ТІЛДІК ДАҒДЫЛАРДЫ МЕҢГЕРТУ

Бүгінгі таңда қазақ мектептерінің өзекті мәселелерінің бірі – оқушылардың тіл мәдениетін көтеру, сауатты жаза алатын, өз ойын айқын жеткізе алатын азамат тәрбиелеу болып отыр. Алға қойылған басты талаптардың бірі — өмірден өз орнын таба алатын, өзара қарым-қатынасқа, кез келген ортаға еркін бейімделіп, белгілі бір ғылым саласынан білімі мен білігін көрсете алатын, өз ойы мен пікірін ашық жеткізе білетін мәдениетті жеке тұлға қалыптастырып, тәрбиелеу болып табылады.

Қазіргі таңда ғылым мен техниканың дамуы мемлекеттік тіліміз – қазақ тілін үйретудің жаңаша жолдарын талап етеді. Себебі, Тәуелсіз Қазақстанның әрбір азаматы мемлекеттік тілде еркін қарым-қатынас жасап, яғни тілдік қатынасқа түсуді үйренуі қажет. Осы орайда, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің орны ерекше деуге болады. Бүгінгі таңда жаңартылған білім беру бағдарламасы төрт тілдік дағдыны

дамытуға ерекше назар аударады: *тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым.*

Олар бір-бірімен екі көрсеткіш бойынша байланысты:

•*жалпы түрі: ауызша немесе жазбаша;*

•*хабарламаның бағыты: хабарламаны алу және қалыптастыру.*

Оқушылар *оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым дағдыларын* қалыптастыра отырып, сабақ барысында еркін қарым-қатынас жасауға, сын тұрғысынан ойлай отырып, көзқарастарын білдіруге, өз ойларын тиісті деңгейде жеткізіп, шешім қабылдауға дағдыланады. Қазақ тілі пәнінен берілген кез келген ақпараттарды тиімді қолдана отырып, өзіне қажетті мәліметтерді оқып, түсініп, қабылдай алады. Оқыту әдістері белгілі бір мақсатқа жетудің құралы болып табылады. Тілдік дағды арқылы оқытудың мақсаты – оқушылардың оқылған мәтінді түсіну, қабылдау, сауатты жаза білу және өмірде қолдана білуге үйрету болып табылады. Осы тілдік дағдылар арқылы білім деңгейі жоғары, ой-өрісі дамыған, тіл арқылы өз ойын ашық жеткізе алатын, өмірде кездескен мәселелерді шеше білетін, шынайы өмірге бейім жан-жақты, өмірге бейімделген саналы ұрпақ тәрбиелейміз.

Тыңдалым дағдысында оқушы мәтіндегі

негізгі ойды түсіне отырып, практикада қолдана білуге үйренеді;

Оқылым дағдысының мақсаты – мәтіндегі негізгі ой мен қосымша ақпаратты түрлі деңгейде қабылдауы, түсіне білуі және тілдің айтылым заңдылықтарына сәйкес оқи алуы қажеттілігін ескереді;

Айтылым дағдысындағы тапсырмалар оқушының тақырыпқа қатысты ойын білдіру, өз көзқарасын дәлелдеу, шешім шығару, қорытынды пікір жасау сынды түсінік пен біліктілік деңгейіне бағытталады;

Жазылым дағдысы оқушының тақырыпты аша білуі, грамматикалық сауаттылығы, өз ойын сын тұрғысынан дәлелдеуі, қорытынды шешім шығарып, өз көзқарасын дәлелдеуі болып табылады.

Қазіргі уақытта бізге қойылып отырған талаптардың қатарына оқушылардың тілдік дағдыларын дамытуға баса назар аударылып отыр. Сол себепті тілдік дағдыларды дамытуға септігін тигізетін бірнеше тапсырмалар түрімен бөліспекпін.

«Логикалық шынжыр» әдісі. *Сынып оқушылары шеңбер жасап тұрады да, берілген тақырып немесе өтілген мәтін бойынша ойларын жүйеліп айтады. Мысалы, бұл әдісті әдебиет*

сабағында белгілі бір қысқа шығармаларды өткенде немесе ереже сұрауда жиі қолдануға болады.

«Жасырын сөзді тап» әдісі – екі оқушыны шығарып екі түрлі заттың суреті бейнеленген қағаздарды бере отырып, қарамай отырып сипаттаулары талап етіледі. Жасырынған сөздерді екі ойыншы да білмеуі тиіс.

«Жарнамала» әдісі – достарымен бірлесе отырып, «Су – тіршілік көзі» сынды тақырыптарда жарнама жасайды.

«Өлең құрастыр» берілген сөздерден өлең жолдарын құрастырып айтады.

<i>Ерлік</i>	<i>тағдыр</i>	<i>бірлік</i>	<i>бәрін</i>	<i>бақ</i>	<i>бардың</i>
<i>Жауыз</i>	<i>Елдік</i>	<i>жойды</i>	<i>қайрат</i>	<i>не</i>	<i>ардың</i>
<i>Алтын</i>	<i>жұлдыз</i>	<i>бағасыз</i>	<i>тілі</i>	<i>белгі</i>	<i>қалдың</i>
<i>Нұрлы</i>	<i>күннен</i>	<i>бабам</i>	<i>бір</i>	<i>сен</i>	<i>боп</i>

Бұл тапсырмалар оқушылардың ауызекі сөйлеу тілдерінің дамуына, яғни айтылым дағдысының жетілуіне септігін тигізеді.

«Бес жолды өлең» әдісі – «Алтын адам» тақырыбына синквейн (бес жолды өлең) дайындайды.

Бес жолды тақпақтың құрылымы:

1. Тақырыпқа қатысты 1 зат есім.
2. Бірінші зат есімге қатысты 2 сын есім.
3. Бірінші зат есімге қатысты 3 етістік.
4. Бірінші зат есімді суретпен толықтыратын 4 кілт сөз.
5. Тақырыпты сипаттайтын 1 синоним немесе метафора (зат есім).

«Жұмбақтың шешуін тап» әдісі – жұмбақты шешіп, шешуінде шыққан сөзге шағын мәтін құрастырып жазады. Мысалы:

Аяғы жоқ жүреді,
Сылқ-сылқ күледі.

«Сәйкестендіру картасы» – төменде берілген ақындардың шығармаларын сәйкестендіріп жазуы керек.

С.Мәуленов	«Сырдария»
Ә.Тәжібаев	«Балқаш»
Қ.Сарин	«Тобыл»
А.Бақтыгереева	«Еділ жағасында»
С.Мәуленов	«Ертістің бойы»
Қ.Мырзалиев	«Ақжайық, арнаға түс, арындама»
Қ.Аманжолов	«Аралым»

«Кубизм» әдісі – Ұлы Отан соғысы туралы жазады.

- зертте;
- салыстыр;
- түсіндір;
- қолдан;
- суретте;
- тілек айт.

Жоғарыда берілген тапсырмалар оқушылардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін арттыра отырып сауатты жазуға дағдыландырады.

Қорыта айтқанда, сабақта тиімді әдіс-тәсілдерді, жұмыс түрлерін қолдану мұғалімнің біліктілігі мен әдістемелік шеберлігіне байланысты. Қазіргі таңда, бәсекеге қабілетті үштұғырлы тіл саясаты дамыған заманда, қазақ тілінің мәртебесін көтеру барысында аталған әдіс-тәсілдерді қолдану тілдік дағдыларды дамытуға септігін тигізери анық.



Г.Ж. АУЛАБАЕВА,
Северный жалпы орта
білім беру мектебі,
қазақ тілі мен әдебиеті
мұғалімі.
Павлодар облысы,
Ертiс ауданы

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМЫТУ

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында мектеп қабырғасында оқушыларға нәтижеге бағытталған білім беру арқылы олардың тұлғалық ерекшеліктері мен қасиеттері ашылатын, шығармашылық ойлау, өз бетінше шешім қабылдау қабілетін қалыптастыру тұрғысындағы мемлекеттік саясаттың басты ұстанымдары айқындалған. Қазіргі таңда білім беру саласында тұлғаның дамуына коммуникативтік құзыреттілікке баса назар аударылып отыр. Оқушылардың өздерін қоршаған ортада басқа адамдармен, топпен қарым-қатынас орнатуға, жалпы нәтижеге қол жеткізуде өзіндік пікірін білдіруге, басқа ұлт өкілдерімен қарым-қатынас диалогына түсе алуына мүмкіндік беретін коммуникативтік

құзыреттілік негізінен тіл мен әдебиет сабақтарын оқыту үрдісінде қалыптасады.

Қазіргі кезде қазақ тілін оқытатын мамандарға қойылатын талап жаңа технологиялық әдістерді қолдана отырып, оқушылардың сөздік қорын молайту, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс оқып, айта білуге, сауатты жазуға, бір-бірімен сөйлесе білуге дағдыландыру, ойын қазақша жеткізе алатындай дәрежеге жеткізу, сапалы және терең білім беру.

Қазақ тілі сабақтарында коммуникативтік құзыреттіліктің негізгі 4 бөлігі қамтылады:

1. *Грамматикалық құзыреттілік;*
2. *Оқырмандық құзыреттілік;*
3. *Стратегиялық құзыреттілік;*
4. *Мәдени-танымдық құзыреттілік.*

Грамматикалық құзыреттілік – тіл ережелерін білу, грамматикалық ережелерді оқыту. Оқушыларға грамматикалық кестелер арқылы жан-жақты білім беруді негізге ала отырып, оқулықта берілген грамматикалық ережелерді жаттату, талдату.

Оқырмандық құзыреттілік – оқушыларды көркем әдебиетті, ұсынылған мәтіндерді толық мәнінде түсіне алатын, көркем әдебиетке, оқуға танымдық қызығушылықпен қарайтын, шығармаларды өз бетімен талдап, баға

бере алатын, қазіргі заман оқырманын қалыптастыруды көздейді.

Стратегиялық құзыреттілік – әңгімелесуші адаммен байланыс ережелерін білу және қолдану. Бұл – диалог құру және оны жалғастыру шеберліктері.

Мәдени-танымдық құзыреттілік – тілді тасымалдаушы, қолданушы – халық мәдениетін білу.

Ұсынып отырған сабағым барысында оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамыту үшін жүргізілетін жұмыс түрлері төмендегідей:

Стратегиялық құзыреттілікті қалыптастыруда рөлдік ойындарды пайдаланам.

Рөлдік ойындар оқушылардың елестету, қиялдау қабілетін ұштауда ерекше қызмет атқарады. Оқушылар кейіпкер рөліне еніп, шындық өмірге ең жоғары сөйлеу мүмкіншілігімен жақындауға, қате жібермеуге тырысады.

Коммуникативтік құзыреттілікті дамытуда диалогтік тіл – оқу үдерісіндегі қарым-қатынаста алдыңғы орын алады: ол – оқытудың негізгі мақсаттарының бірі және оның маңызды құралы.

Коммуникативтік құзырет деңгейіндегі

диалогқа қойылатын талаптар:

* *сөйлеу мәдениетін игеру, өзінің сөзін, ойын жалғастыра алу;*

* *берілген мәселені талқылап, оқиға туралы сөйлесе алу;*

* *айтылған ертегі, оқылған мәтін туралы өз ойын білдіру.*

Мәдени-танымдық құзыреттілікті дамытуда – халқымыздың ұлттық құндылықтарын дәріптеп, достығымызды, ынтымақтастықты нығайтуға үйрету.

Оқушыларымыз жаңа заман талабына сай білімді, жан-жақты, қазақ тілінде өзіндік ой-толғамын жеткізе алатын, кез келген адаммен тілдік қарым-қатынасқа түсе алатын, коммуникабельді, мәдениетті, өмірге икемделген тұлға болуы үшін оның бойында коммуникативтік құзыреттілікті дамыту – ұстаздың қолында.



ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫН ИГЕРУДЕ ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІН ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП, ОҚУШЫНЫҢ ТҰЛҒАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

«Терең білім – тәуелсіздігіміздің тірегі, ақыл-ой – азаттығымыздың алдаспаны».

Н. Ә. Назарбаев.

Жаңартылған білім мазмұнын игеруде жас ұрпақты оқытып, алған білімін кеңейтіп, көркемдік талғамдарын арттыруда, өмірге көзқарастарын дұрыс қалыптастырып, халықтық тәрбие беруде, ізгі мінез-құллық, биік адамгершілік, ұлттық қасиеттерін, әр түрлі мәдениеттер мен өз көзқарасы тұрғысынан білімді, сауатты, өз ойын дұрыс әрі шебер жеткізе білетін, мәдениетті тұлғаны қалыптастыруда – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің атқаратын міндеті

мол, орны ерекше. *Әрбір ұстаздың басты міндеті – сабақ барысында ең озық әдістерді дер кезінде игеру, іздену арқылы бала бойына дарыту, одан өнімді нәтиже шығара білу.*

Жаңартылған білім мазмұны аясында мен жетінші сыныптың қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың тұлғасын қалай қалыптастырамын? Неге үйретуім керек? Қандай тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалануым керек? деген сұрақтар туындады. Сұрақтардың шешімін мен сыни тұрғыдан ойлаудың әдіс-тәсілдерінен таптым.

RWCT бағдарламасы – ағылшын тілінен аударғанда, “Сын тұрғысынан ойлау үшін оқу мен жазу” дегенді білдіреді. Бұл бағдарлама оқытудың 60 түрлі стратегияларынан, әдістерінен тұрады. ***Мақсаты*** – шығармашылық ойлауды, сын тұрғысынан ойлауды дамыту.

Сыни тұрғыдан ойлау оқушылармен қатар мұғалімдердің де сыни тұрғыдан ойлауын дамытады, яғни мұғалімнің де жұмыс тәжірибесін, жаңа тәсілдерді қолдану және бағалау әрекеттерін сыни тұрғыдан бағалауды қарастырады. Сыни ойлау шешімі табылуы тиіс сұрақтарды қойып, мәселені анықтаудан басталады. *«Сыни тұрғыдан ойлау – бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен*

талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, бағалауға, талдауға және синтездеуге бағытталған пәндік шешім» (Мұғалімге арналған нұсқаулық, 49-бет).

Мен өз сабақтарымда оқушыға білімді дайын күйінде бермеймін, себебі мен баланың жеке тұлғасын, шығармашыл ойлауға, мұғаліммен еркін сөйлесіп, пікір алмастыруға, бір-біріне құрметпен қарауға, бір-бірінің пікірін тыңдау, сыйлауға, ынтымақты қарым-қатынастың негізін қалауға, өзін жеке дара тұлға ретінде тануға жол аша білуге үйретуім қажет.

Сын тұрғысынан ойлау үш бөліктен тұрады:

Біріншіден, сын тұрғысынан ойлау жеке ойлау болып табылады.

Екіншіден, сын тұрғысынан оқыту жаттанды қағидаларды дәлелдеп айта беру емес, оқушы оқып, оны еске сақтап айту қаблеті жоқ, керісінше терең ойлау арқылы ескіге жаңаша көзқарас қалыптастыру мүмкін, тың идеялар ойлап табуы мүмкін.

Үшіншіден, сын тұрғысынан ойлау сұрақтар қойып, шешімін табуды қажет ететін мәселені анықтаудан басталады.

Сын тұрғысынан ойлаудың әдіс-тәсілдері сабақтың кез келген бөлімінде (қызығушылықты

ояту, мағынаны ашу, ой толғаныс) қолдана беруге болады.

Қызығушылықты ояту барысында оқушы бұрынғы білетініне жаңа білімді ұштастыра алады. Үйренуші жаңа ұғымдарды, түсініктерді, өзінің бұрынғы білімін жаңа ақпаратпен толықтырады, кеңейте түседі. Сондықтан мәселе жайлы оқушы не білетінін анықтаудан басталады. Осы кезеңде мен тиімді “Топтау”, “Түртіп алу”, “Ойлану”, “Жұпта талқылау”, “Болжау, Түртіп алу — + ? v (INSERT) деген әдіс – тәсілдерді пайдаланамын.

Екінші кезең – мағынаны ашу барысында оқушылар жаңа ақпаратпен танысу мақсатында INSERT, РАФТ, ПОПС, Синквейн т.б. әдістерін пайдаланады. Мысалы: INSERT әдісін (V – “білемін”, — - “мен үшін түсініксіз”, + - “мен үшін жаңа ақпарат”, ? – “мені таң қалдырады”) пайдаланып, мәтінмен танысады. РАФТ, ПОПС, Балық қаңқасы, Ротация әдістерін пайдаланған кезде балалар өз ойын білдіреді, дәлелдейді.

Үшінші кезең – ой-толғаныс. Сабақ барысында оқушылар толғанысын ұйымдастыру, өзіне, басқаға сын көзбен қарауға, баға беруге үйренеді. Оқушылар өз ойларын, пікірлерін айта алады. Бұл сатыда оқушылар бір-бірімен ой алмастырады.

Осы кезеңді тиімді “Бес жолды өлең”, “Венн

диаграммасы”, “Еркін жазу”, “Семантикалық карта”, “Т кестесі” сияқты стратегиялар әр сабақтың ерекшелігіне, ауыр-жеңілдігіне қарай лайықтала қолданылады.

«Сын тұрғысынан ойлау» әдісі бойынша өткізілген сабақтар үдерісінде нәтижелер мен өзгерістер мынадай болды:

Көшбасшы ретінде мұғалімнің іс-әрекеті:

ынтымақтастық орта қалыптасуына ықпал етеді. Оқушыларды топқа бөліп, тапсырмалар



береді. Тақырыпқа қызықтырып, орындалуын қадағалайды. Белгілі бір оқиғаның құндылығын анықтау, маңыздылығын зерттеу ұсынылады. Оқушыларға өздерін бағалатып, қорытындылайды.

Оқушының іс-әрекеті:



көшбасшының қолдауымен жаңа тақырыпты анықтайды. Мәтінді өз беттерімен оқып, топта талқылайды. Мәтінді әр түрлі

әдістер арқылы жіктейді, салыстырады, теңейді, зерттейді. Ой қорытып, қағаз бетіне түсіріп, қорғап, тұжырымдама жасайды.

Сабақ жоспары:

Сабақтың тақырыбы: Наурыз – ұлыстың ұлы күні. 7 сынып

Сабақ негізделген оқу мақсаттары:

А 7.2.5.1 – диалогке қатысушылар коммуникативтік жағдаяттың талаптарына сай «сөйлеуші → тыңдаушы» позицияларын еркін ауыстыру;

О 7.3.5.1 - қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді кесте, диаграмма, сызба, шартты белгілер түрінде ұсыну.

I. Қызығушылықты ояту

«Шаттық шеңберін» құрып, ынтымақтастық атмосферасын орнату үшін оқушылар бір-біріне



жақсы сөздер айтады.

II. Мағынаны ашу

Мәтінмен жұмыс.

«ЖИГСО» әдісі Балалар топ ішінде 1-4-ке дейін саналып, тағы да топқа бөлінеді, енді сан бойынша басқа топ құрып, 5 минут уақыт ішінде берілген мәтін үзіндісімен жұмыс жасайды, өз

топтарына оралып, өзіне берілген тапсырманы басқа балаларға айтып береді. «Наурыз мейрамы» бейнефильмін қарайды. Оқушылар топпен таңдаған тақырыпты шығармашылық қабілеттерін пайдаланып ашады, шағын әңгіме құрайды. *«Романтизм» әдісі* арқылы спикер топта қалып, қалған оқушылар бір-біріне барып, жұмыстарды критерий бойынша бағалайды.

III. Ой толғаным

Оқушылар сабақ бойы алған білімдерін *«Кластер» әдісі* арқылы қорытындылайды.

Қорыта келе, Л.Выготскийдің *«Сын тұрғысынан ойлау – ең алдымен шығармашылық ойлау. Шығармашылық ойлау нәтижесінде жаңалық ашылады, жеке тұлғаның дамуы жеделдейді»* деген сөзімен аяқтаймын.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Л. Дүйсембекова. «Жеті модульді ықпалдастыра оқыту». Оқу-әдістемелік құрал. Алматы 2013ж.
2. З. Имжарова «Сын тұрғысынан ойлау әдісі» Ақтөбе 2010 ж.
3. Мухамеджанова Н. Б. Кішібаева Б. Т. «Жаңа форматта білім беру үлгілері» Алматы – 2013ж

Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс













К.С. МҰХИТОВА,
Новоселовка орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиет
пәнінің мұғалімі.
Ақмола облысы,
Шортанды ауданы

“АЯЗ БИ” ЕРТЕГІСІ











О қ у мақсаттары	6.Т.Ж 1 Әдеби шығарманың жанрын, фабуласын, сюжетін анықтау.
С а б а қ мақсаттары:	Оқушылардың барлығы орындай алады: Ертегінің мазмұнын меңгеру арқылы мәтіннен жанрын, фабуласын, сюжетін түсініп талдау. Оқушылардың көпшілігі орындай алады: Ертегіні оқу арқылы шығарманың мазмұны мен оқиға дамуын түсініп анықтау. Оқушылардың кейбіреуі орындай алады: Ертегінің сюжетін анықтап, оның әр бөлігін талдай алады, сюжет пен фабуланың үйлесу, үйлеспейтін түсініп анықтайды.
Б а ғ а л а у критерийі	Шығарманың мазмұнын біледі. Шығармадағы оқиға дамуын түсінеді. Жанр мен сюжет желісінің дамуы арқылы фабуласын анықтайды. Оқиға жүйесін, ретін түсінеді.









Ойлау дағдысы	Білу және түсіну.
Тілдік мақсат	<p>Оқушылар орындай алады: Оқушылар графикалық органайзер оқиға картасымен жұмыс істей алады.</p> <p>Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: <i>Наубайшы</i> – нан пісіретін адам, яғни нан пісіруді кәсіп етеді. <i>Күлдіреуіш</i> – үш-үштен немесе төрт-төрттен айқастырып, шаңырақ кепілдігіне бекітілген имек ағаштар. <i>Күлдіреуіш</i> түндік киізді көтеріп тұрады. <i>Шаңырақ</i> – күлдіреуіштер арқылы бағанмен көтеріледі.</p> <p>Жоспар құруға арналған пайдалы тіркестер: <i>Шөптің жаманы, құстың жаманы, адамның жаманы, сиырға шатысы бар, қасиетті тас, Барсакелмеске баруы, 40 уәзірдің қулығы.</i></p>
Құндылыққа баулу	Адамгершілікке баулу, елжандылық, ұлтжандылық тәрбие.
Пән аралық байланыс	Биология
Сабақтың барысы:	

Алдыңғы оқу 2 минут	«Допты лақтыру» әдісі	
	<p>Ертегі және оның түрлерін жетекші сұрақ арқылы еске түсіреміз. <i>1.Ертегі туралы не білесіңдер?</i> <i>2.Ертегілердің қандай түрлері бар?</i> <i>3.Қандай ертегілерді білесіңдер?</i></p>	
Басталуы 1 минут	<p>Ұйымдастыру кезеңі: Оқушылармен амандасу. Ынтымақтастық бірлік қалыптастыру үшін оқушыларды шаттық шеңберге тұрғызып, бір-бірлеріне жақсы тілектер айтқызу. Сынып үш топқа бөлінеді. <i>I-топ: Қырғауыл;</i> <i>II-топ: Қарақоға;</i> <i>III-топ: Шеңгел.</i></p>	Ресурстар Мұғалімге арналған нұсқаулық.
Жаңа білім 15 минут	<p>Білу және түсіну. Ертегі желісін «Джиксо» әдісі арқылы әр бөлімдерін үш топқа бөлу</p>	

<p>Топ ішінде оқушылар өздерін бағалайды.</p>	<p>арқылы ертегінің мазмұнын меңгереміз.</p> <p>1.Топтық жұмыс</p> <p>1.Тапсырма:</p> <p>Әр топқа мәтіннің үзінділері беріледі. Мәтінді оқып, мазмұнын көршісіне түсіндіреді. Көршісінен тыңдаған мәтін мазмұнын өз тобына түсіндіреді.</p> <p>Бағалау терезесі (өзі бағалау)</p> <table border="1"> <tr> <td> <p>Мәтін мазмұнын жақсы түсіндім.</p>  </td> <td> <p>Мәтін мазмұнын орташа түсіндім.</p>  </td> </tr> <tr> <td> <p>Мәтін мазмұнын өте жақсы түсіндім.</p>  </td> <td> <p>Мәтін мазмұнын бірқалыпты түсіндім.</p>  </td> </tr> </table>	<p>Мәтін мазмұнын жақсы түсіндім.</p> 	<p>Мәтін мазмұнын орташа түсіндім.</p> 	<p>Мәтін мазмұнын өте жақсы түсіндім.</p> 	<p>Мәтін мазмұнын бірқалыпты түсіндім.</p> 	
	<p>Мәтін мазмұнын жақсы түсіндім.</p> 	<p>Мәтін мазмұнын орташа түсіндім.</p> 				
<p>Мәтін мазмұнын өте жақсы түсіндім.</p> 	<p>Мәтін мазмұнын бірқалыпты түсіндім.</p> 					
	<p>Дескриптор:</p> <p>1.Мәтін мазмұнын көршісінен түсініп тыңдайды.</p> <p>2.Тыңдағаны бойынша өз тобына түсініп мазмұндайды.</p>					

<p>Сабақтың ортасы</p> <p>7 минут</p>	<p>2.Тапсырма: «Араласқан жоспар» әдісі. Топтық жұмыс.</p> <p>Әр топ мүшесіне «Араласқан жоспар» әдісі бойынша тапсырма беріледі. Оқушылар сюжеттің желісі бойынша жоспарды сюжет желісімен орналастырады.</p> <p><i>1. Жаман жақсы мен жаманды айыра біледі.</i></p> <p><i>2. Жаманның сертке берік болуы.</i></p> <p><i>3.Жаманның Барсакелмеске баруы.</i></p> <p><i>4. Құстың, шөптің, адамның жаманын табуға ханның уәзірлерін жұмсауы.</i></p> <p><i>5. Ханның Жаманды уәзір етуі.</i></p> <p><i>6. Хан тағына отырған Жаман.</i></p> <p><i>7. Меңдінің Жаманды таңдауы.</i></p> <p><i>8. 40 уәзірдің хан мен Жаманды араздастыруы.</i></p> <p><i>9. Хан сөзін шеше алмаған уәзірлердің Жаманға келуі.</i></p> <p>Дескриптор:</p> <p>1.Оқиға желісін анықтайды.</p>	
---	--	--

	<p>2.Сюжет ретімен орналастырады. Топ басшы өз тобындағы оқушыларды бағалайды. Бағалау парағы</p>																				
<p>Топ құрамындағы оқушыларды топ басшысы бағалайды.</p>	<p>Шартты белгіні орналастырып боя.</p> <table border="1"> <thead> <tr> <th>№</th> <th>Оқушының аты жөні</th> <th>Оқиға сюжетін рет-ретімен орналастыра алдым.</th> <th>Сюжетті орналастырғанда қиындықтар туындады.</th> <th>Сюжет ретін таба алмадым.</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>1.</td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>2.</td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </tbody> </table>	№	Оқушының аты жөні	Оқиға сюжетін рет-ретімен орналастыра алдым.	Сюжетті орналастырғанда қиындықтар туындады.	Сюжет ретін таба алмадым.						1.					2.				
№	Оқушының аты жөні	Оқиға сюжетін рет-ретімен орналастыра алдым.	Сюжетті орналастырғанда қиындықтар туындады.	Сюжет ретін таба алмадым.																	
																					
1.																					
2.																					
<p>5 минут</p>	<p>3.Тапсырма: «Графикалық органайзер» әдісі Жанр түрін ажырату. Топтық жұмыс <i>1.Ертегі ме? Дәлелдеңіз.</i> <i>2.Қандай ертегі?</i> <i>1). Қиял гажайып ертегі.</i> <i>2).Шынышыл ертегі. Дәлелдеңіз.</i></p> <p> “Аяз би” ертегі екенін дәлелдеңіз</p>																				

	<p>Дескриптор: 1.Ертегінің жанрын анықтайды. 2.Мазмұны негізінде дәлелдейді.</p>	
<p>Т о п құрамындағы оқушылар өздері өзін бағалайды 1 мин. 7 мин.</p>	<p>Өзін-өзі бағалау <i>1. Жанр түрін ажырата аламын.</i>   <i>2. Ертегі түрін ажырата аламын.</i>   <i>3. Дәлелдей аламын.</i>  </p> <p>Саралап оқыту Тапсырма: «Уақиға картасы»</p> <p>Үзінділер бойынша оқиға картасын жасайды. Сол арқылы ертегіден фабула жүйесін анықтайды.</p> <p>1-топ: 1-Бөлім </p> <p>2-топ 2-Бөлім </p> <p>3-топ 3-Бөлім </p> <p>Дескриптор: 1.Оқиға картасына өз үзінді оқиғасын тізеді. 2.Оқиға желісі бойынша баяндайды.</p>	

Қ.Ә. ШӘРІП,
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі,
№175 «Жаңа Ғасыр»
гимназиясы.
Алматы қаласы

Б. СОҚПАҚБАЕВ «МЕНИҢ АТЫМ – ҚОЖА» ПОВЕСІНДЕГІ КЕЙІПКЕРЛЕР ОБРАЗЫН АШУ

Бағалау парағы (өзін-өзі бағалау)			
№	Оқушының аты жөні	Ертегіден жанр түрін таба аламын.	Ертегінің сюжеті фабуласын ажырата аламын.
1.	Майрбек	+	+
2.	Мейрамбек	+	+
3.	Жанаргүл	-	+
4.	Бакыт	+	-
5.	Айгүл	+	+

Сабақтың соңы	<p>Рефлексия парағы</p> <p>Кері байламы: Білім пирамидасы</p> 	Қағаз қиындылары
Кері байланыс		
2 м и н.		


Осы сабақты меңгеруге қол жеткізетін оқу мақсаты	5.1.3.1 – «Менің атым – Қожа» повесіндегі кейіпкерлер (Қожа, Жантас) образын портреті мен іс-әрекеттері арқылы ашу.
Құндылықтарды игеру	Қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім.
Сабақтың мақсаты	<p>Барлық оқушылар орындай алады: Көркем шығарманың мазмұнын біледі, ондағы кейіпкерлерді сипаттай алады.</p> <p>Оқушылардың көпшілігі орындай алады: Шығармадағы кейіпкер бейнесін ашып, көрсете алады, портрет ұғымдарының анықтамасын біледі.</p> <p>Кейбір оқушылар орындай алады: Мәтіндегі кейіпкерлерге талдау жасай алады, өз көзқарасын еркін білдіре алады;</p>


Бағалау критерийі	Шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекетіне талдау жасайды. Талдау негізінде кейіпкерді анықтап, образын сипаттайды.
Тілдік мақсаттар	Әдебиет теориясынан портрет, мінездеу.
Ойлау деңгейлері	Түсіну, талдау, жинақтау, бағалау.
Пәнаралық байланыс	Тарих, өнер.
Алдыңғы оқу немесе бастапқы білім	Шығармадағы автор бейнесі мен повестегі тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының мағынасын анықтау.
Сабақтың барысы	


Кезеңдер/ уақыты	Жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар	Бағалау
Сабақтың басы	І.Ұйымдастыру.		
Түсіну	Оқушылармен амандасу.		
3 мин.	Психологиялық ахуал тудырып, топқа бөлу.		
	«Жылы жүрек – жақсы тілек» әдісі.		
5 мин.	Оқушылар бір-бірлеріне жақсы сөз немесе тілек айтады.		
	Үй тапсырмасы.		

	«Дербес пікір жазу» әдісі бойынша 2-3 оқушыға үй тапсырмасын оқыту.	АКТ, слайд	«Екі тілек, бір жұлдыз» әдісімен бағалау. 			
Сабақтың ортасы	Тақырыпты ашуға бағытталған тапсырмалар беру. Топтық жұмыс 1-топқа тапсырма Берілген үзінділер арқылы кейіпкерлерді анықтаңыз және образын суреттеп сипаттаңыз.	Оқулық Ой-түрткі сұрақтары жазылған А - 4 кағаздары, маркерлер Флипчарт				
	<table border="1"> <tr> <td>Кейіпкердің портреті мен іс-әрекеті</td> <td>Бұл кім?</td> <td>Кейіпкердің образын өз сөзіңмен суреттеп сипаттаңыз.</td> </tr> </table>	Кейіпкердің портреті мен іс-әрекеті	Бұл кім?	Кейіпкердің образын өз сөзіңмен суреттеп сипаттаңыз.		
Кейіпкердің портреті мен іс-әрекеті	Бұл кім?	Кейіпкердің образын өз сөзіңмен суреттеп сипаттаңыз.				
Талдау	Ох, менің шашым! Қаттылығы, қайраттылығы шошқаның қылшығынан бір кем емес.					
5 мин.	Ал бойымды біреулер орта бойлы дейді. Әжем болса, әкең тәрізді сұңғақ боласың дейді					
	Біреуді біреуге атыстырып, от тастап жүретін ку, сабақ үстінде сыбырлап-сыпсындағыш					
			«Басбармақ» арқылы әр топ бір-бірін бағалайды. 			

<p>5 мин.</p>	<p>Дескрипторлар:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Үзінділердің қай кейіпкерге қатысты екенін анықтайды; • Кейіпкерлердің образын өз сөзімен сипаттайды. <p>2-топқа тапсырма (дәптермен жұмыс) «Сүзгі» әдісі бойынша берілген сөздерден Қожа мен Жантас қасиеттерін теріп жазу.</p> <p>Дескрипторлар:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Қожа мен Жантастың мінез қасиеттерін аша алады; • Топтастыра біледі. <p>3-топқа тапсырма «Пікірлер сызығы» әдісі бойынша тапсырмалар беру.</p> <p>1).Терезенің тұсында мектептің бағы бар. Осыдан бес, алты жыл бұрын өз қолымызбен отырғызылған теректер. Бір теректің басына маймылша өрмелеп шығып алдым. (Пед. Кеңес болып жатқан сәт)</p>	<p>Флипчарт</p>	
----------------------	--	-----------------	--

	<p>2). Қоңырау әлі бола қоймаған. Сол кезде басыма сап етіп, бір қызық ой келе қалды. Кішкентай бақаның бірін Майқанованың сөмкесіне сүңгіттім де жібердім. (Сөмкеден бақаның шыға келу сәті.)</p> <p>3). Аузымды түтінге толтырып алып, жұтып кеп қалғаным сол екен: бір керемет улы газ өңешімнен шеңгелдеп ала кеп түсті. Жер дүние төңкеріліп бара жатты. (Қожаның темекі тартқан сәті.)</p> <p>Менің ойымша басты кейіпкер...(істегенде), ол дұрыс шешім қабылдаған жоқ.</p> <p>Дескрипторлар:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Кейіпкер әрекетіне талдау жасайды; • Ойларын жинақы, нақты жеткізеді. <p>Ұжымдық жұмыс «Қабырғадағы рөл» әдісі бойынша тапсырмалар. Кейіпкердің суретін салады, кейіпкерге тән қасиеттерді ішіне, көрінбей тұрған қасиеттерін сыртына жазады.</p>	<p>Маркерлер, үлестірмелі қағаздар</p> <p>АКТ</p>	<p>Түсті смайликтер арқылы бағалау</p> 
--	--	---	---


<p>Сергіту сәті 3 мин.</p>	<p style="text-align: center;">  </p> <p>Дескрипторлар:</p> <ul style="list-style-type: none"> О қ у ш ы л а р т а п с ы р м а н ы өз бетінше орындайды. Кейіпкер бейнесін аша алады. <p>Жұмбақ шешу. <i>Батпаса да балшыққа, Шыққан емес ш а л ш ы қ т а н (бақа)</i></p> <ul style="list-style-type: none"> – Н е себептен мен бақа туралы ж ұ м б а қ жасырдым? О қ у ш ы жауаптары. 		
----------------------------	--	--	--

<p>Сабақтың соңы</p> <p>Жинақтау</p> <p>8 мин.</p>	<p>Жұптық жұмыс</p> <p>«Крест-нөл» әдісімен тапсырма.</p> <table border="1"> <tr> <td data-bbox="1177 231 1417 601"> <p>1. Өзіңіз және кітаптағы басты кейіпкер жайлы өлең жазыңыз – сіздің оқырмандарыңыз сіз бен кейіпкердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын көру қажет. Әр өлеңде анағұрлым маңызды белгілерді көрсетуді ұмытпаңыз.</p> </td> <td data-bbox="1417 231 1656 601"> <p>2. Кітаптағы кейіпкер туралы 20 жылдан соң орын алған жағдай сипатталады. Бөлігін жазыңыз. Оны өмір ағысы қайда апарды? Не себепті? Енді өзіңіз туралы да дәл солай етіңіз, 20 жылдан кейін сіз қандай боласыз? Екі мәтіннің де қызықты мақала екеніне көз жеткізіңіз.</p> </td> </tr> <tr> <td data-bbox="1177 606 1417 1025"> <p>3. Сіздің өміріңіз бен кейіпкер өміріндегі маңызды жерлер моделін немесе картасын ж а с а ң ы з . Оқырмандарға қандай жерлерді ұ н а т а т ы н ы ң ы з д ы түсінуге көмектесіп, сіздің өміріңіз бен кейіпкер өміріндегі жерлердің не үшін маңызды екенін көрсетудің әдісін табыңыз.</p> </td> <td data-bbox="1417 606 1656 1025"> <p>3. Сіз «портрет жасаушысыз». Жеке қасиеттеріне назар аудара отырып, кітаптағы қызықты кейіпкердің толық әрі пайдалы бейнесін жазыңыз және көрсетіңіз. Өзіңіз үшін де солай етіңіз.</p> </td> </tr> </table> <p>Дескрипторлар:</p> <ul style="list-style-type: none"> Өткен білімдері мен жаңа білімдерін ұштастыра алады; Пікірлерін ортаға сала отырып, өмірмен байланыстыра алады. 	<p>1. Өзіңіз және кітаптағы басты кейіпкер жайлы өлең жазыңыз – сіздің оқырмандарыңыз сіз бен кейіпкердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын көру қажет. Әр өлеңде анағұрлым маңызды белгілерді көрсетуді ұмытпаңыз.</p>	<p>2. Кітаптағы кейіпкер туралы 20 жылдан соң орын алған жағдай сипатталады. Бөлігін жазыңыз. Оны өмір ағысы қайда апарды? Не себепті? Енді өзіңіз туралы да дәл солай етіңіз, 20 жылдан кейін сіз қандай боласыз? Екі мәтіннің де қызықты мақала екеніне көз жеткізіңіз.</p>	<p>3. Сіздің өміріңіз бен кейіпкер өміріндегі маңызды жерлер моделін немесе картасын ж а с а ң ы з . Оқырмандарға қандай жерлерді ұ н а т а т ы н ы ң ы з д ы түсінуге көмектесіп, сіздің өміріңіз бен кейіпкер өміріндегі жерлердің не үшін маңызды екенін көрсетудің әдісін табыңыз.</p>	<p>3. Сіз «портрет жасаушысыз». Жеке қасиеттеріне назар аудара отырып, кітаптағы қызықты кейіпкердің толық әрі пайдалы бейнесін жазыңыз және көрсетіңіз. Өзіңіз үшін де солай етіңіз.</p>	<p>«Крест-нөл» әдісіне қажетті үлестірме қағаздар</p>	<p>Оқушылар бірін-бірі смайликтер арқылы бағалайды.</p> 
<p>1. Өзіңіз және кітаптағы басты кейіпкер жайлы өлең жазыңыз – сіздің оқырмандарыңыз сіз бен кейіпкердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын көру қажет. Әр өлеңде анағұрлым маңызды белгілерді көрсетуді ұмытпаңыз.</p>	<p>2. Кітаптағы кейіпкер туралы 20 жылдан соң орын алған жағдай сипатталады. Бөлігін жазыңыз. Оны өмір ағысы қайда апарды? Не себепті? Енді өзіңіз туралы да дәл солай етіңіз, 20 жылдан кейін сіз қандай боласыз? Екі мәтіннің де қызықты мақала екеніне көз жеткізіңіз.</p>						
<p>3. Сіздің өміріңіз бен кейіпкер өміріндегі маңызды жерлер моделін немесе картасын ж а с а ң ы з . Оқырмандарға қандай жерлерді ұ н а т а т ы н ы ң ы з д ы түсінуге көмектесіп, сіздің өміріңіз бен кейіпкер өміріндегі жерлердің не үшін маңызды екенін көрсетудің әдісін табыңыз.</p>	<p>3. Сіз «портрет жасаушысыз». Жеке қасиеттеріне назар аудара отырып, кітаптағы қызықты кейіпкердің толық әрі пайдалы бейнесін жазыңыз және көрсетіңіз. Өзіңіз үшін де солай етіңіз.</p>						

С. Т. КАКЕЕВА,
Северный жалпы орта
білім беру мектебінің
қазақ тілі мен
әдебиеті мұғалімі.
Павлодар облысы,
Ертіс ауданы

“АСАНҚАЙҒЫНЫҢ ЖЕРГЕ АЙТҚАН СЫНЫ” АҢЫЗЫ.


ТУҒАН ЖЕРІҢ – ЖЕРҰЙЫҒЫҢ


	<p>Саралау. 1). Қ а б і л е т і төмен оқушыларға «Не?» сұрау есімдігін пайдаланып, сұрақ қоюға үйретемін; 2). Қ а б і л е т і жоғары оқушыларға «Егер де..., не болады?» үлгіде сұрақ қоюға ынталандырамын.</p>								
Рефлексия 4 минут	<p>«Плюс- Минус- Қызығамын» кестесі бойынша кері байланыс жасайды.</p> <table border="1"> <tr> <td>«Плюс» (+)</td> <td>М а г а н ұнады.</td> </tr> <tr> <td>«Минус» (-)</td> <td>О р ы н д а й алмадым.</td> </tr> <tr> <td>«Қызығамын» (?)</td> <td>Қызықтым.</td> </tr> </table>	«Плюс» (+)	М а г а н ұнады.	«Минус» (-)	О р ы н д а й алмадым.	«Қызығамын» (?)	Қызықтым.	<p>«Плюс- Минус- Қызығамын» кестесі жазылған үлестірме қағаздар</p>	<p>«Мадақтау сэндвичі» әдісі</p> 
«Плюс» (+)	М а г а н ұнады.								
«Минус» (-)	О р ы н д а й алмадым.								
«Қызығамын» (?)	Қызықтым.								
Үйге тапсырма 2 минут	«Бақытты балалық шақ» эссе жазып келу.								
Қосымша ақпарат	Б.Соқпақпаев «Менің атым – Қожа»								


С а б а қ негізделген оқу мақсаты (мақсаттары)	(5.Т/А1)Шығармадағы эпизодтар арқылы тарихи құндылығын бағалау.
С а б а қ мақсаттары:	Мәтіннің мазмұнын толықтай түсінеді және жауап береді. Оқушылар бір-бірімен пікір алмасады. Ұсынылған ақпарат бойынша өз көзқарастарын ажырата біледі.
Б а ғ а л а у критерийлері	Сұрақты дұрыс түсінеді. Лайықты жауап бере алады. Мәтінді мазмұндайды. Өз көзқарастарын ажырата біледі.
Құндылықтарға баулу	Шығармадағы эпизодтар арқылы тарихи құндылығын бағалайды.
П ә н а р а л ы қ байланыс	Жаратылыстану, өзін-өзі тану, тарих
Жоспарланған уақыт	40 минут



Сабақтың жоспарланған кезеңдері	С а б а қ т а жоспарланған ж а т т ы ғ у л а р түрлері	Ресурстар
Сабақтың басы 2 мин.	Ұ й ы м д а с т ы р у жұмысы. Психологиялық ахуал туғызу. <i>Айдай арайлап, Күндей күлімдеп, Судай таза көңілмен Б ү г і н г і с а б а ғ ы м ы з д ы бастаймыз (бүгінгі көңіліміз қандай?)</i>	
2 мин.	Үй жұмысын тексеру. « Ш а ш у » стратегиясы. - <i>Аңыз дегеніміз не?</i> - <i>Аң ы з кейіпкерлерді ата.</i> - <i>Асан қайғы қай ғасырларда өмір кешкен?</i> - <i>Асан қайғы кім?</i> - <i>Асан атына «қайғы» сөзін кім қосқан?</i>	
3 ми.		

	- <i>Асан қайғы кімнің ақылшысы болған? (оқушыларға кәмпит және кәмпиттің қағазында оралған сұрақтарды шашу)</i> Жұпқа бөлу.					
Сабақтың ортасы Білу 8 минут	Т.Ж. 1-тапсырма. Мәтіналды тапсырма: Ойтүрткі. Ән тыңдатқызу. Ән не туралы? 2-тапсырма. Ән тыңдау. 3-тапсырма. Сұрақтарға жауап беру. <table border="1" data-bbox="1217 613 1575 783"> <tr> <td>Бағалау критерийі</td> <td>Дескриптор</td> </tr> <tr> <td>Берілген сұрақтарға тез және жылдам жауап береді.</td> <td>Сұрақтарға дұрыс жауап береді.</td> </tr> </table>	Бағалау критерийі	Дескриптор	Берілген сұрақтарға тез және жылдам жауап береді.	Сұрақтарға дұрыс жауап береді.	ән тыңдату https://www.youtube.com/watch?v=As73uPuNWsU 
Бағалау критерийі	Дескриптор					
Берілген сұрақтарға тез және жылдам жауап береді.	Сұрақтарға дұрыс жауап береді.					
Түсіну 3 минут	Аудио мәтінмен жұмыс: Мәтін үш жұпқа беріледі. Әр жұпқа тыңдалым мәтіні бойынша тапсырмалар беріледі. <table border="1" data-bbox="1217 987 1575 1276"> <tr> <td>Бағалау критерийі</td> <td>Дескриптор:</td> </tr> <tr> <td>Мәтіндегі негізгі ойды мазмұндайды. Диалог құрастырады. Постер жасайды.</td> <td>Мәтіннің негізгі ойын табады. Постерді толық жеткізеді.</td> </tr> </table> Қ.Б. «Жетон»	Бағалау критерийі	Дескриптор:	Мәтіндегі негізгі ойды мазмұндайды. Диалог құрастырады. Постер жасайды.	Мәтіннің негізгі ойын табады. Постерді толық жеткізеді.	https://bilimland.kz/kk/courses/qazaq-adebieti/5-synyp/lesson/Asanqajhynnyng-zherujyqty-izdeui 
Бағалау критерийі	Дескриптор:					
Мәтіндегі негізгі ойды мазмұндайды. Диалог құрастырады. Постер жасайды.	Мәтіннің негізгі ойын табады. Постерді толық жеткізеді.					

<p>Қолдану 8 минут</p>	<p>Сөздікпен жұмыс. <i>Б о з т о р ғ а й ж ұ м ы р т қ а л а й т ы н қ о н ы с - т ы н ы ш т ы қ орнаған жер;</i> <i>Жуһан – дүние, жер- жаһан;</i> <i>Түз – дала, мидай дала.</i> Ж.Ж. 1-топ - мазмұндайды., 2-топ - Топта жоспар құрастырады. Бір оқушы (спикер) қорғайды. Басқа топтар қателерін түзетеді. 3-топ - постер жасап, қорғайды (оқушылардың коммуникативтік, ақпараттық, мәселенің шешімін табу құзыреттіліктері қалыптасады).</p>			
<p>2 минут</p> <table border="1" data-bbox="264 945 603 1206"> <thead> <tr> <th data-bbox="270 949 427 1005">Бағалау критерийі</th> <th data-bbox="433 949 597 1005">Дескриптор:</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td data-bbox="270 1010 427 1202">Жоспар құрастырады. Мәтінді мазмұндайды. Диалог құрастырады.</td> <td data-bbox="433 1010 597 1202">Тірек сөздерді орындайды. пайдаланды. Сұрақтарды дұрыс қолданды. Диалог құрастырылды.</td> </tr> </tbody> </table> <p>Қ.Б. Бағдаршам әдісі</p>	Бағалау критерийі		Дескриптор:	Жоспар құрастырады. Мәтінді мазмұндайды. Диалог құрастырады.
Бағалау критерийі	Дескриптор:			
Жоспар құрастырады. Мәтінді мазмұндайды. Диалог құрастырады.	Тірек сөздерді орындайды. пайдаланды. Сұрақтарды дұрыс қолданды. Диалог құрастырылды.			

<p>Талдау 6 минут</p>	<p>Сергіту сәті «Атамекен» әнін айту. <i>Жасыл жайлау, түкті кілем, көк кілем, Көк кілемде көп аунаймын, көп күлем.</i> <i>Маңдайымнан сипап өткен самалды, Қазағымның алақаны-ау деп білем.</i> <i>Қайырмасы:</i> <i>Қайда жүрсем Атамекен Көкейіңде жатады екен.</i> <i>Күннің өзі ұясына Қимай оны-ай батады екен.</i> Ж.Ж. Сәйкестендіру ШІДЕРТІ ТУРАЛЫ <i>«Тау тасы кеш болғанда ыңыранып жатады екен. Тоқтысы да қысыр қалмайтын жер екен.</i> ТОРҒАЙ ӨЗЕНІ ТУРАЛЫ <i>«Мына шіркіннің топырағы асыл екен. Алты ай мініп арықтаған ат, бір айда майға бітетін жер екен.»</i> ҚЫЗЫЛТАУ ТУРАЛЫ <i>«Ағар суы бал татыған, ақ шабағы май татыған жер екен.»</i></p>	
---------------------------	--	---

	<table border="1"> <tr> <th>Бағалау критерийі</th> <th>Дескриптор</th> </tr> <tr> <td>Асан қайғының барған жерлерін анықтайды. Дәлелдейді. Қорытынды жасайды.</td> <td>Жайлы қоныстарын анықтайды, дәлелдерін келтіреді, қорытынды жасайды.</td> </tr> </table>	Бағалау критерийі	Дескриптор	Асан қайғының барған жерлерін анықтайды. Дәлелдейді. Қорытынды жасайды.	Жайлы қоныстарын анықтайды, дәлелдерін келтіреді, қорытынды жасайды.	
Бағалау критерийі	Дескриптор					
Асан қайғының барған жерлерін анықтайды. Дәлелдейді. Қорытынды жасайды.	Жайлы қоныстарын анықтайды, дәлелдерін келтіреді, қорытынды жасайды.					
	Қ.Б. «Екі жұлдыз, бір тілек»					
<p>Жинақтау</p> <p>3 мин.</p>	<p>Ж.Ж. Дұрыс-Бұрысты белгілеңіз. <i>*Асанқайғы туралы аңыз-әңгімелер тақырыбы жағынан да, мазмұны жағынан да әр алуан.</i> <i>*Асанқайғы жерұйықты қанатты тұлпарға мініп іздеген.</i> <i>*Асанқайғы жерұйықты мал өсіруді кәсіп еткен елі үшін іздеген.</i> <i>*Асанқайғы қиялындағы жерұйық – «суы – сүт, жағасы - балқаймақ» өзені бар, көгорай шалғынды, шаруаға жай, жанға рақат қадірлі қоныс.</i> <i>* Желмая – қос өркешті жүйрік түйе.</i></p>					

	<table border="1"> <tr> <th>Бағалау критерийі</th> <th>Дескриптор</th> </tr> <tr> <td>Сөйлемдердің дұрыс, бұрыстығын біледі.</td> <td>Ойларын толық жеткізеді.</td> </tr> </table>	Бағалау критерийі	Дескриптор	Сөйлемдердің дұрыс, бұрыстығын біледі.	Ойларын толық жеткізеді.	
Бағалау критерийі	Дескриптор					
Сөйлемдердің дұрыс, бұрыстығын біледі.	Ойларын толық жеткізеді.					
	Қ.Б. Қолпаштау.					
<p>Бағалау</p> <p>4 минут</p>	<p>Ж.Ж. Рефлексия Домино ойыны.</p> <table border="1"> <tr> <th>Бағалау критерийі</th> <th>Дескриптор</th> </tr> <tr> <td>Сабактан алған білімін қортындылайды.</td> <td>Сабақ бойынша жинаған білімін қорытады.</td> </tr> </table>	Бағалау критерийі	Дескриптор	Сабактан алған білімін қортындылайды.	Сабақ бойынша жинаған білімін қорытады.	<p>Қима қағаздар</p> 
Бағалау критерийі	Дескриптор					
Сабактан алған білімін қортындылайды.	Сабақ бойынша жинаған білімін қорытады.					
	Қ.Б. «Көршінді мадақта»					
<p>Сабактың соңында</p> <p>1 минут</p>	<p>Қ.Б. 2 қиын нәрсе. 1 жеңіл нәрсе.</p>					

АСАН ҚАЙҒЫ, ҚОЖАНАСЫР, АЛДАРКӨСЕ ТУРАЛЫ АҢЫЗ-ӘҢГІМЕЛЕР

Сабақтың мақсаты:

1. Білімділік: Асан қайғы, Қожанасыр, Алдаркөсе туралы білетін ақпараттарын кеңейту;

2. Дамытушылық: Оқушының өзіндік ізденісін, ойлау қабілетін дамыту, өз пікірлерін ашық, еркін жеткізу, аңыз әңгімелерің өзіндік ерекшеліктерін ажырату;

3. Тәрбиелік: Оқушы бойында ізгі қасиеттерді қалыптастыру, адамгершілікке, адалдыққа баулу.

Сабақтың типі: Жаңа білімді меңгеру сабағы

Сабақтың түрі: Сайыс сабақ

Сабақтың әдісі: Сұрақ-жауап, әңгімелеу, көрініс

Сабақтың көрнекілігі: Оқулық, хрестоматия “Ел аузынан” кітабы, интерактивті тақта.

Пәнаралық байланыс: Тарих, қазақ тілі.

1.Ұйымдастыру кезеңі;

1. Оқушыларды түгендеу.

2. Психологиялық дайындық (сәлемдесу, жақсы тілектер айту)

Сыныпты 3-топқа бөлу.

1. Асан қайғы-1

2. Қожанасыр-2

3. Алдаркөсе -3

2.Үй жұмысын сұрау.

Әр топ бір-біріне сұрақтар қояды.

1. Халық ауыз әдебиеті деген не?

2. Неше түрі бар?

3. Тұрмыс-салт жырлары оның түрлері?

4. Бата, оның түрлері?

5. Мақал-мәтелдер, тақырыптары.

6. Аңыз-әңгімелер, ерекшеліктері.

3.Жаңа сабақ. Дәптерге жазу.

Қазақ халқында аңыз әңгімелер өте көп. Солардың бірі – Қожанасыр, Алдаркөсе, Асан қайғы туралы аңыз әңгімелер.(қысқаша тоқталу)
(Әр топ өздері дайындап келген ақпараттарымен таныстырады.) (Интерактивті тақтамен жұмыс)

4.Кітаппен жұмыс (рөлге бөліп оқыту.)

1-топ.

Жиренше шешен

Жолмен де, жолсызбен де...

2-топ.

Түсінсем бұйырмасын.

3-топ.

Үш сом.

5. Осы аңыз әңгімелерден қандай қорытынды шығаруға болады?

Осындай кейіпкерлер өмірде кездеседі ме?

6. Логикалық тапсырма

Сөзжұмбақтар құрастыру. (жұмыстарын қорғау.)

7.Үйге берген тапсырмаларына кезек беріледі.

Мақсаты: Әр топ аңыз әңгімелердің бір кейіпкерлеріне байланысты көрініс дайындап келу.

8.Әңгімені оқып, талқылау.

Қиясбайдың есебі (112-бет «Ел аузынан»)

Абайдың Қожанасыр мінездес Қиясбай деген досы болған. Бірде Абай үй ішімен есеп жөнінде әңгімелесіп отырса:

— Абай аға, сіз есеп білесіз бе? — деп сұрапты.

— Аздап, Қиясжан, — депті Абай.

— Аздап білсеңіз, екі жүз ешкінің мүйізі қанша болады?


— Төрт жүз болады да.

— Пәлі, Абай аға, сен де есеп білемін деп мақтанасың-ау, — депті Қиясбай, — сонша көп ешкінің ішінде мүйізі жоқ тоқалы, мүйізі сынған кемдері болмай ма екен? — деп мырс-мырс еткенде, үй-іші ду күліпті.

(“Мінездес” сөзінің мағынасын ашу.)

9.Сабақты қорытындылау:

1. Кейіпкерлерге мінездеме беру:



2.М.Әуезов: «Алдар – күлкінің аты, күлкіге өшім жоқ. Қазақ аңызында Алдардың туғаны айтылмаса, өлімінің де айтылмайтын мәні осыдан. Ал Қожанасыр – күлдіргі. Барлық өмірі түгелімен күлдіргінің қулық әңгімесі болып кеткен».

С.Бегалин: «Қиянатқа шабуыл жасап, әлсіздерге қуат беріп, халық мұратын іздеген сегіз қырлы, сексен сипатты шын Қожанасырды көреміз».

3. БББ әдісі

1. Білетінім;
2. Білгенім;
3. Болашақта білгім келеді.

10.Бағалау

(топ басшылары топ мүшелерін бағалайды.)

11.Үйге тапсырма беру. 34-37-бет оқу.

Әр оқушы өз басынан өткізген қызықты оқиғаны жазып келу.

Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Л. Е. ШЫРДАБАЕВА,
«Қ.Жазықов атындағы
орта мектебі» КММ.
Кемерши ауылы,
Байғанин ауданы,
Ақтөбе облысы

**КИИМ –
МІНЕЗ АЙНАСЫ**


О й л а у дағдыларының деңгейі	Қолдану, жоғары деңгей
Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	Тірек сөздер мен жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау (5.Т/А4.); Сюжетті суреттердің (фотосуреттер) желісі бойынша әңгіме құрастыру(5.Ж3.).
С а б а қ мақсаттары	Барлық оқушылар орындай алады: Мәтін желісі бойынша негізгі ойды анықтай алады. Оқушылардың көпшілігі орындай алады: Мәтін бойынша негізгі және қосымша ақпаратты анықтайды және сұрақтар құрастыра алады. Кейбір оқушылар орындай алады: Мәтін бойынша негізгі және қосымша ойды анықтайды, нақты сұрақтар құрастыра алады және суреттер желісін пайдалана отырып әңгіме құрастырады.

Тілдік мақсат	Оқушылар орындай алады: Тірек сөздер мен жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтай алады, сұрақтар құрастыра біледі, сурет желісі бойынша әңгіме құрастыра біледі. Негізгі сөздер мен тірек сөздер: киім, мінез, адам, үлгі Диалог құруға, мәтін құруға арналған пайдалы тіркестер: «Адам көркі шүберек», классикалық үлгі, сенімді кісі, интровертер, спорттық үлгідегі киім, этно үлгісіне сай киім. Талқылауға арналған сұрақтар: 1. Киімнің адамзат үшін маңызы неде? 2. Киім үлгісінің қандай түрлерін білесің? 3. Неліктен киім - адам мінезінің айнасы дейміз.
Бағалау критерийлері	1. Мәтіндегі негізгі ақпараттарды анықтай алады. 2. Мәтін желісі бойынша сұрақтар құрастыра алады. 3. Мәтіндегі негізгі ойды анықтап, сұрақтар әзірлей отырып, суреттер желісі бойынша әңгіме құрастыра алады.

Алдыңғы оқу 5 минут	Киім, Сән. Талғам, «Менің дизайнер болғым келеді» тақырыбын «Тізбекті поезд» ойын стратегиясы арқылы еске түсіру.
Жоспар	
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығу түрлері
Басы 5 минут	Ш и р а т у жаттығуы Өз есімдерінің басты әріптерінен б а с т а л а т ы н с ө з б е н м і н е з д е р і н с и п а т т а у . Мысалы: Айгүл – ақылды, Мирас – мейірімді т.б. Сабақтағы оқу м а қ с а т т а р ы хабарлау, бағалау критерийлері ж а з ы л ғ а н парақшаларды үлестіру. Әр түрлі стилдегі киім үлгілерінің суреттері арқылы топқа бөлу.
Ортасы (30 мин) 2 мин.	Тыңдалым кезі. Аудиожазба арқылы мәтінді тыңдайды.

	«Киім – мінез айнасы. Киім адамзат үшін сыртқы ортаның әсерінен қорғаныс пен жылыну құралы ғана емес. Бұл адамның беделінің, қоғамдағы дәрежесінің бірден-бір көрсеткіші. «Адам көркі шүберек» демекші, ортамыз бізді киген киімімізге қарап бағалайды. Ал жалпы киім өзінің қожайыны жайлы не айта алады? Киім сіздің мінезіңіз бен өміріңіздегі қызығушылықтарыңыздан хабар береді екен. Сондықтан мына ақпаратты білетіңіз адам қасындағы досының киіміне қарап, бірден оның мінезіне баға бере алады. Классикалық үлгідегі киімді өзіне сенімді адамдар таңдайды деген пікір қалыптасқан. Өзіне сенімді кісі пиджагын кішкене ұқыпсыз киеді, оны еш уақытта барлық түймелеріне түймелемейді. Ал интровертер керісінше пиджагын соңына дейін түймелеп, қорғаныс ретінде қолданады екен. Дәстүрге сай, тұрақтылықты қолдайтын адамдар екі қатар түймесі бар пиджактарды таңдайды. Ал бірқатар түймесі бар пиджактың иесі жайдары, ашық жүзді кісі болады. Спорттық үлгідегі киімді тек спортшылар киеді деп кім айтты?	Аудио жазба
		Үлестіріме парақша

	<p>Жоқ, спорттық киімдерді көп нәрсеге көңіл бөле бергісі келмейтіндер де сүйіп киеді екен. Психологтардың айтуынша, бұндай киім үлгілерін ауырдың астымен, жеңілдің үстімен жүретін, қиналғысы келмейтін адамдар таңдайды екен. Этно үлгісіне сай киінетін адамдар саяхаттауды жақсы көреді екен. Біртүрлі шалбарлар, үнді сариі, қызықты суреттер. Осындай ерекшеліктері бар киімді таңдайтын жандар батыл, ашық, өнерпаз адамдар болады. Олар көпшіліктің арасынан көрініп, көзге түседі.»</p>	
<p>6 минут</p>		
<p>10 минут</p>	<p>– жетекші сұраққа жауап бере отырып, тірек сөздерді тауып, негізгі ойды анықтайды.</p>	

	<p>1 тапсырма. Айтылым «Күн шапағы» стратегиясы арқылы мәтіннен тірек сөздерді табады.</p>  <p>2 тапсырма «Бес сұрақ – жауап» 3 топқа жетекші сұрақтар беріледі. Тірек сөздер арқылы негізгі ақпаратты анықтай отырып, сұрақтар әзірлейді, топтар бойынша кезек жауап береді, талқылайды.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Киімнің адамзат үшін маңызы неде? 2. Киім үлгісінің қандай түрлерін білесің? 3. Неліктен киім - адам мінезінің айнасы дейміз. <p>3 тапсырма. Жазылым. 1 деңгей Функционалдық — мағыналық кесте. (Тәжірибелік карта)</p>	
--	---	--

Кім кигенде қандай ерекшеліктерді аңғару керек?	Күнде-лікті киім деген не?	Сәнді киімді қандай матадан тігеді?	Ресми орындарға қандай киіммен баруға болады	Саған қандай киім ұнайды?	Үлестірі-мелі па-рақ-ша
- Өз тұлғасының ерекше-ліктерін -Жас ерекшелік-терімен санасу керек.	-Жұмысқа, мектепке, көрмеге т.б. барғанда киіді. - Т о й - думанға барғанда - Сапарға шыққанда киетін	-Қалың матадан -Қымбат, әдемі маталардан. -Жыл-ты-р а у ы қ маржан-мен әшеке-лейді	Қ ы с қ а шалбармен -Костюммен -юбкамен		
<p>2 деңгей «Коллаж» әдісі арқылы берілген суреттерді қатыстырып, сөйлемдер құрастырады.</p>					
					
<p>3 деңгей «Детальдарды қосу» Алынған білімдерін көрсету үшін естіген барлық ақпараттарын</p>					

	кеңейте отырып, толық мағыналы әңгіме құрастырып шығады. ҚБ. «Бас бармақ, смайликтер» арқылы	
<p>Соңы 5 минут</p>	<p>«Он сұрақ» әдісі сабақ қорытындыланады. Топтан бір оқушы таңдап алынады және оның маңдайына негізгі сөз жазылған стикерді жапсырады – қатысушы сыныпқа 10 сұрақ қоя алады, оған жауап не ИӘ, не ЖОҚ деп беріледі. Кері байланыс: “111” стратегиясы бойынша бүгінгі сабаққа рефлексия жасаңыз. 1 - сабақтан түйгеніңіз туралы бір нақты сөйлем. 1 - сабақта түсінбеген тұсыңыз бойынша бір нақты сұрақ. 1 - сабақ бойынша нақты ұсынысыңыз.</p>	<p>Түрлі-түсті стикер-лер</p>
Қосымша ақпарат		
<p>Саралау – оқушыға мейлінше қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілетті оқушыға тапсырманы</p>	<p>Бағалау – оқушы білімін тексеруді қалай жоспарлайсыз?</p>	<p>Пәнаралық байланыс – Денсаулық және қауіпсіздік,</p>

қ а л а й түрлендіресіз?	АКТ-мен байланыс. (тәрбиеэлементі). Құндылықтар мен байланыс.
--------------------------	---

<p>1 деңгей</p> <p>Функционалдық – мағыналық кесте толтыру (Тәжірибелік карта)</p> <p>2 деңгей</p> <p>«Коллаж» әдісі арқылы берілген суреттерді қатыстырып, сөйлемдер құрастырады.</p> <p>3 деңгей</p> <p>«Детальдарды қосу» Алынған білімдерін көрсету үшін естіген барлық ақпараттарын кеңейте отырып, толық мағыналы әңгіме құрастырып шығады.</p>	Информатика спорт
--	-------------------

<p>Рефлексия</p> <p>Сабақтың мақсаты мен оқу міндеттері орындалды ма? Бүгін оқушылар не үйренді? Сабақ қалай өтті, қандай деңгейде өтті? Жоспарланған саралау жақсы іске асты ма? (тапсырмалар сәйкес болды ма?) Уақытты қалай пайдаландым? Жоспарыма қандай өзгеріс енгіздім және неге?</p>	
---	--

<p>Қорытынды бағалау</p> <p>Ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты)</p> <p>1:</p> <p>2:</p> <p>Қандай екі нәрсе немесе тапсырма сабақтың одан да жақсы өтуіне ықпалын тигізеді (оқыту мен оқуға қатысты)?</p> <p>1:</p> <p>2:</p> <p>Осы сабақтың барысында барлық сынып немесе жекелеген оқушылар жөнінде келесі сабағыма қажет болуы мүмкін қандай ақпарат білдім?</p> <p>1:</p> <p>2:</p>
--

Бағалау критерийлері	Тапсырмалар	Дескрипторлар	балл
Мәтіндегі негізгі ақпараттарды анықтай алады.	1	Тірек сөздерді табады.	
		Негізгі ойды саралайды	
Мәтін бойынша сұрақтар құрастыра алады.	2	Мазмұнын түсініп, жүйелі сұрақ құрайды.	
Мәтіндегі негізгі ойды анықтап, сұрақтар әзірлей отырып, суреттер бойынша әңгіме құрастыра алады.	3	Сөз саптау арқылы мәтінді түрлендіріп құрайды.	
		Бейнелеуші көркемдегіш құралдарды қолданады.	

А. Ә. ЕСҚАРАЕВА,
Қаптанбек аграрлық
– техникалық колледжі
оқытушысы.
Түркістан облысы,
Сарыағаш ауданы

СЫН ЕСІМ. СЫН ЕСІМНІҢ СӨЙЛЕМДЕГІ ҚЫЗМЕТІ

Сабақтың мақсаты:

Білімділік:

Сын есім, сын есімнің сөйлемдегі қызметі жайлы түсінік қалыптастыру;

Дамытушылық: Сын есімнің жасалу жолдарына қарай ажыратып, талдауға дағдыландыру, алған білімдерін жинақтауға машықтандыру, іздене білуге бағыттау;

Тәрбиелік: Ойлау қабілетін жетілдіре түсуге, тіл мәдениетін дамытуға, ұйымдасып еңбектене білуге, тіл тазалығын сақтауға тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: Аралас

Әдіс-тәсілі: Түсіндіру, сұрақ-жауап, ой қозғау, жеке және топтық жұмыс.

Көрнекілігі: Тірек сызбалар, слайдтар, ұнтаспа.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі. Оқушыларды түгелдеу, сабаққа назарын аудару.

2. Үй тапсырмасын сұрау.

а). Зат есім. Зат есімнің сөйлемдегі қызметі мен берілген жаттығу жұмыстарының орындалуын қадағалап, жұмыстарын бағалаймын.

ә). Кластерді толықтыру (әр қатардағы сөздерді жинақтап бір сөзбен қалай атауға болады?)

Түйе, сиыр, қой, жылқы, ешкі –
Кесе, қасық, ожау, қазан, тостаған –
Қияр, сәбіз, қызылша, қауын, қарбыз –



3. Жаңа сабақты баяндау.

Сын есім. Сын есімнің сөйлемдегі қызметі.

Интербелсенді тақтадан тірек сызбалар арқылы жаңа сабақтың тақырыбы жайлы мәліметтер беріледі:

Сын есім – дүниедегі әрбір заттың, құбылыстың алуан түрлі сындық белгілерін, қасиетін білдіретін сөз табы.

Мысалы: сүт – ақ, сұйық зат. Осы сияқты басқа заттың да толып жатқан сындық белгілері: салмағы, көлемі, түсі, түрі, иісі, сапалық белгісі болады. Осылардың атауы сын есімге жатады да, қандай? қай? деген сұрақтарға жауап береді. **Сын есімдер тұлғасына қарай негізгі және туынды болып бөлінеді.**

Негізгі сын есімдер – сынды білдіретін түбір сөздер: *ақ, қызыл, жас, кәрі, ұзын, т.б.*

Туынды сын есімдер – морфологиялық тәсілмен, яғни *жұрнақтар* арқылы (*ауыл-дық, қар-лы, жаз-ғыш, т.б.*) және синтаксистік тәсілмен сөздердің бірігуі, қосарлануы, тіркесуі арқылы жасалған сөздер (*тас жүрек, ақ сары, қызыл күрең*).

Сын есімнің сөйлемдегі қызметі

№	Ереже	Мысал
1.	Сын есім негізінен анықтауыш болады.	Қырдағы қызыл-сары гүлдер көздің жауын алады.
2.	Заттанған сын есім атау септігінде тұрып, бастауыш болады.	Сыпайы сырын сақтар, әдепті арын сақтар.
3.	Сын есім заттанып келіп, толықтауыш болады.	Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен.
4.	Сын есім етістіктің алдында келіп, іс-әрекеттің амал-тәсілін білдіріп, пысықтауыш болады.	Ол әнді жақсы айтады. Ол бүгін көңілді жүр.
5.	Сын есім сөйлем соңында жіктеліп немесе заттанып келіп, баяндауыш болады.	Сен – үйдің үлкенісің.

Оқулықпен жұмыс.

1-тапсырма: Өлең мәтінінен сын есімдерді көшіріп жазып, сапалық, қатыстық ерекшеліктерін ажырат, сапалық сын есімдерден салыстырмалы, күшейтпелі шырай жасаңдар.

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ «ҚЫС» ӨЛЕҢІ:

*Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр-мылқау танымас тірі жанды
Үсті-басы – ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап, келіп қалды.
Дем алысы – үскірік аяз бен қар,
Кәрі құдаң – қыс келіп, әлек салды.*

*Ұшадай бөркін киген оқшырайтып,
Аязбенен қызарып ажарланды.
Бұлттай қасы жауып екі көзін
Басын сіліксе қар жауып, мазаңды алды.
Борандай бұрқ-сарқ етіп долданғанда
Алты қанат ақ орда үй шайқалды.*

2-тапсырма:

Тексті оқып, дара және күрделі сын есімдерді тауып, талдау жасау тапсырылады.

Жетес бидің сөзі

– *Оңға келдім – ойнадым, қызығына тоймадым. Жиырмаға келдім – бойладым, онда да балалықты қоймадым. Есейе келе – жақсы сөзге сүйсіндім, жаман сөзге күйіндім, барымды бойға киіндім, сұлу қыз-келіншектерге шүйілдім, жауларыма түйілдім. Отызға келдім – алтайы қызыл түлкі болдым: қыран бұркітке алдырмадым, құмай тазыға шалдырмадым, қатар құрбының көңілін қалдырмадым. Қырыққа келдім – арғымақтай аңқылдадым, тау тағысындай саңқылдадым, ақ алмастай жарқылдадым, құз қыранындай шаңқылдадым, барымды жоқ деп сарқылмадым, дәулетімді шайқамадым... (ел аузынан үзінді.)*

3-тапсырма:

Төмендегі сын есімдердің қандай зат есімдермен тіркесетінін тауып, сөйлем құрастыру тапсырылады.

Аса қадірлі, өте құрметті, аяулы; даусыз, талассыз, шүбәсіз; қояндай қорқақ, су жүрек; өрелі білгіш, ғаламат білгір, терең білімді.

Л. Е. ЕСБОЛСЫНОВА,
 Жаңажол негізгі жалпы
 білім беретін мектебі,
 қазақ тілі мен әдебиеті
 пәнінің мұғалімі.
 Батыс Қазақстан облысы,
 Ақжайық ауданы,
 Жаңажол ауылы

СИНТАКСИС. СӨЗ ТІРКЕСІ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК. ЕСІМДІ, ЕТІСТІКТІ СӨЗ ТІРКЕСІ

4-тапсырма:
 «Кім жылдам». Берілген мақал-мәтелдердің жалғасын тауып, сын есімдерді анықта:

1. Жақсы бала жеткізеді мұратқа, ... (жаман бала қалдырады ұятқа).
2. Әдепті бала – арлы бала, ... (әдепсіз бала – сорлы бала).
3. Екі жақсы қосылса кем-кетігін дұрыстайды, ... (екі жаман қосылса, кең дүниеге сыйыспайды).
4. Жақсы адам тауып айтады, ... (жаман адам қауып айтады).
5. Бітер істің басына, ... (жақсы келер қасына).
6. Күшелі бала ... (сүйкімді).

5-тапсырма:
 Үнтаспадан Ы.Алтынсариннің «Бай баласы мен жарлы баласы» әңгімесін тыңдап, ондағы екі кейіпкердің бейнесін жазу тапсырылады.

Бекіту сұрақтары:


1. Сын есім дегеніміз не, олар тұлғасына қарай неше топқа бөлінеді?
2. Сын есім сөйлемде негізінен қандай сөйлем мүшесі қызметін атқарады?
3. «Адал алаңсыз ұйықтайды» сөйлемде сын есім қандай сөйлем мүшесі қызметін атқарып тұр?
4. Сын есім жасайтын жұрнақтарды атаңдар.
5. «Жақсы адам – жұрттың ырысы» сөйлемнен сын есімді тауып, қызметін анықтаңдар.

Бағалау.

Үйге тапсырма.

Сын есімнің мағыналық түрлерін қатыстыра отырып, «Халқымыздың жақсы дәстүрлері» атты тақырыпта эссе жазып келу тапсырылады.

Ж а л п ы мақсат:	білімділік – оқушыларға синтаксис туралы түсінік беру, сабаққа деген қызығушылығын арттыру.
	дамытушылық – оқушылардың іскерлігі мен біліктілік дағдыларын жетілдіре отырып, ойлау қабілетін, сөздік қорын дамыту;
	тәрбиелігі – оқушыларға туыстық атаулар туралы ұғым бере отырып, алыс-жақынын тани білуге шақыру.
Сілтеме:	Мұғалімдерге арналған нұсқаулық Қазақ тілі мен әдебиеті оқыту әдістемесі. 7-сыныпқа арналған қазақ тілі оқулығы. Үлестірме материалдары

О қ у нәтижесі:	Әр оқушының өзіндік ой-қиялына ерік бере отырып, оқушыларды шығармашылықпен жұмыс істеуіне жағдай жасау.	
С а б а қ т а қолданылатын материалдар:	Интерактивті тақтамен жұмыс, ұнтаспа.	
О қ ы т у әдістері:	Оқыту мен оқудағы жаңа әдіс-тәсілдер, оқытуда АКТ-ны пайдалану, сыни тұрғыдан ойлауға үйрету, оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау.	
Сабақ барысындағы мұғалім мен оқушының іс-әрекеті:		
Оқушыларға психологиялық ахуал туғызу	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті
<p>О қ у ш ы л а р назарына «Табиғат тамашалары» видеоролигін ұсынады.</p> 		 <p>Ш а р л а р а р қ ы л ы топтарға бөлу.</p>

Қызығушылықты ояту	«Кім жылдам?» т а п с ы р м а с ы арқылы оқушыларға ұяшықтардың біреуін таңдатады. Осы тапсырмада өткен тақырыптар бойынша жаңа сабақты меңгеруге негіз болатын қайталау сұрақтарын береді.	Талдау, жинақтау, қорыту
Ж а ң а тақырып	<p>Синтаксис – гректің «құрау, біріктіру, рет» деген мағынадағы сөзі. Қазіргі кезде синтаксис тіліміздегі сөз тіркесі мен сөйлемнің құрылым-құрылысы, басқа да ерекшеліктерін қарастыратын грамматиканың бір саласы ретінде оқытылады.</p> <p>Тілдің ойды білдіретін ең кіші бөлшегі - сөйлем. Сөйлем сөздердің бір-бірімен грамматикалық байланысқа түсуі арқылы құралады.</p> <p>Синтаксис сөйлемді, оның мағыналары мен түрлерін, сөйлемнің қалай құралатынын, яғни сөйлемдегі сөздердің қалай грамматикалық байланысқа түсетінін және оның нәтижесінде сөздердің бір-бірімен тіркесіп қолданылуын қарастырады.</p> <p>Жаттығумен жұмыс. Көшіріп жазып, сөйлемдегі сөздерді бір-бірімен байланыстырып тұрған тұлғалардың астын сызып көрсетіңдер.</p>	

	«Кім көп біледі?» ойыны. Ойынның шарты мынадай: Бірнеше жазушылардың шығармаларын атап шығамын, оқушылар кімнің шығармасы екенін табады. Әдеби шығармалардығы кейіпкерлерді табу.	
Сергіту сәті	<i>Күнде аспанға қараймыз, Қайтқан құсты санаймыз. Үшбұрыш боп тырналар, Көк жүзінде сырғанар. Боран соғар оң жақтан, Боран соғар сол жақтан Қар лақтырып ойнасақ, Суық өтер қолғаптан.</i>	Оқушылар сергіп, демалады.
Шығармашылық жұмыс	<i>Грамматиканың синтаксис саласы нені қарастырады? Сөйлем құрауда сөздердің бір-бірімен грамматикалық байланысқа түсуінің орны неге ерекше? Тіл білімі неше салаға бөлінеді?</i>	Оқушылар сұрақтарға жауап береді. Білу, түсіну, қолдану. Әр топтың спикері шығып қорғайды.
Үйге тапсырма беру	Оқулықтағы тапсырмаларды орындау.	Үй тапсырмасын білу, түргіп алу.
Бағалау	Формативті бағалау.	Топтардың бірін-бірі бағалауы.
Рефлексия	Сабактан алған әсерлері мен ұсыныстары туралы қысқаша жаздыру.	«Екі жұлдыз, бір тілек»

Білім бастауы – Бастауыш

А.МАМИРКАНОВА,
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі,
№53 мектеп-лицей.
Астана қаласы

КИЕЛІ ЖЕТІ САНЫ

Мақсаты:	Жеті саны туралы білімдерін толықтырып, ата тегінің тарихын құрметтеуге тәрбиеленеді.
Деректер:	Әдебиет оқулығының әдістемесі, интернет желісі, қосымша әдебиеттер.
Сабактың жабдығы:	Қосымша тапсырмалар жазылған үлестірмелер, кестелер, тақта, аудио құрылғылар.
Модульдері:	АКТ, СТО, оқушылардың жас ерекшеліктері, талантты және дарынды оқушылармен жұмыс, оқытуды басқару және көшбасшылық, оқыту үшін басқару және оқытуды бағалау, диалогтық оқыту.
Бағалау:	Өзін өзі бағалау, топтық бағалау.
Әдіс тәсілдер:	Миға шабуыл, Жұптық әңгіме, Топтастыру стратегиясы.

Оқыту нәтижесі	Киелі сандар туралы ұғымдарын кеңейту. Сөздік қорларын молайту. Өлеңді оқи отырып, өз сөздерімен баяндай білу, идеясын ашуға дағдыландыру.
Топқа бөлу	Қатар бойынша топқа бөлінеді.
Ынтымақтастық атмосферасы	Сыныпта жақсы ахуал қалыптастырады. «Жетістік жолы» бойынша өз нүктелеріне тұрады.
Үй тапсырмасын пысықтау	Жұппен жұмыс. Бағыттау сұрақтары: - Шешендік сөздер туралы не білеміз? - Ақиық сұңқар мәтінін өз желісінде әңгімелеу. - Абылай хан заманындағы батырлардан кімдерді білесіңдер? - Кітапта берілген кестені толтыру.
Жаңа сабақ	Түсіндіру, еске түсіру, қайталау. Киелі ұғымына тоқталу. Киелі дегеніміз қастерлі, айрықша қадірленетін деген ұғымды білдіреді.

<p>Киелі құстар, киелі кітап, киелі жануарлар сол сияқты киелі сандарды жатқыза аламыз.</p> <p>Сұрақ – жауап.</p> <p>- Кім нешеге дейін санау біледі?</p> <p>- Санның шегі бар ма?</p> <p>- Соның ішінде негізгі сандар қайсысы?</p> <p>- Соның ішінде негізгі сандар қайсысы?</p> <p>- 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9.</p> <p>– Сандарды қайда қолданамыз?</p> <p>– Осы сандардың әрбіреуінің тәрбиелік мәні, саналы орны, қасиеті болған.</p> <p>Сондай-ақ қазақ халқының өмірінде түрлі мәнді ерекше сипат бере отырып, жиі қолданылатын сандар тізбегі көп. «3, 7, 9, 40» сандар тізбегін өзіміздің салт-дәстүрімізден, ырым-тыйымдарымыздан, нақыл сөздерімізден, мақал-мәтелдерімізден анық көруге болады.</p> <p>Жалпы сандардың тек қана математика сабағында ғана емес, күнделікті тұрмыста да маңызы зор. Қарап отырсақ, осы қарапайым 10 цифр болмаса, біз телефон да соға алмаймыз. Сандар адам баласының ертедегі өмірінде ерекше қызмет атқарған.</p> <p>Кітаппен жұмыс. Оқулықпен жұмыс</p>
--

Жеті байлық

Бірінші байлық - денсаулық.

Екінші байлық - еркіндік.

Үшінші байлық - тіл байлық.

Төртінші байлық - қайрат-күш.

Бесінші байлық - ақ жаулық.

Алтыншы байлық - балаңыз.

Жетінші байлық - жүз саулық.

Өзің талдап көр

Ауру-сырқаудан аман болу, есен-саулық.

Еркіндік, бостандық, тәуелсіздік.

Ел тәуелсіз, еркін ел болса, ол өз тілінде сөйлейді.

Қайрат – күш, батырлық, батылдық.

Ақ жаулық – ер азаматтың жары, әйелі.

Бала – өмірдің жалғасы.

Жүз саулық – адамның байлығы, қорадағы малы.

II-өлең «Жеті ата» өлеңін тізбектеп оқу.

Постер қорғау.

Жеті санына байланысты асыл сөздер:

Жеті жетім:

Тыңдалмаған сөз жетім,

Кыюсіз тозған бөз жетім,

Иесіз қалған жер жетім,

Басшысы жоқ ел жетім,

Аққу - қазсыз көл жетім,

Жерінен айырылған ер жетім.

Замандасы қалмаса,

Бәрінен де сол жетім.

Топтық жұмыс

1-топ

– Байлық дегеніміз не? Сен үшін ең «қымбат» байлық қайсысы?

2-топ

– Жеті ата кім? Жеті ата туралы не білесің?

3-топ

– Киелі сандар туралы не білеміз? Әңгімелеу.



Математикамен байланыстыру

7 саны жеті рет және оған амалдар қолдану арқылы сандар ретін шығару

$$(7+7+7+7+7):7=6$$

$$(7 \times 7 - 7 \times 7 + 7 \times 7):7=7$$

$$777:777=8$$

$$7:7+7:7+7:7=10$$

$$7 \cdot 7 + 7 \cdot 7 + 7 \cdot 7 = 49$$

$$(777 - 77):7 = 7 + 7 = 107$$

$$((7 + 7):7 + 7) \times 7 + 77 = 140$$

<p>Сергіту сәті «Ағаш» медитация (өз өміріміздің мықты иесі болу, көз алдына елестету.) Әдемі әуен ойнап тұрады.</p>	
<p>О й ТОЛҒА- НЫС</p>	<p>Шежіре - Туыстас, бір руға тән ұрпақтардың таралу жолы; Рулық, туыстық кесте. Жеті атаның балаларын бір атаның балалары деп атайды. Әрбір қазақ баласы өзінен бастап, жеті атасының аты-жөнін білуге міндетті. Өйткені қазақта жеті атаға дейінгі ұрпақ бір атаның баласы – туыс саналады. Қазақтар негізінен жеті атаны былайша таратады: 1.Бала. 2. Әке. 3. Ата. 4. Үлкен ата. 5. Баба. 6. Түп ата. 7. Тек ата. Сондай-ақ, адамдар атасынан төмен қарай атағанда, былайша ататек жалғасады: ата, әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене. Мұнан соң туыстың атаулар әрі қарай: жүрежат, туажат, жұрағат, жат жұрағат, жегжат, жамағайын.</p>

	<p>Енді, сендерге тапсырма: Мен... тұжырымдамасы бойынша төмендегі кесте толтырылады. баламын. немеремін. шөберемін. шөпшекпін. неменемін. Киелі ұғымына тоқталу. 7 санына байланысты атауларды толықтыру. Жеті қазына: Ер жігіт, сұлу әйел, ақыл - білім, жүйрік ат, қыран бүркіт, берен мылтық, жүйрік тазы. Жеті жұт: Құрғақшылық, жұт (мал қырылу), өрт, оба (ауру), соғыс, топан су, зілзала (жер сілкіну). Қазақстанның жеті кереметі Жеті атаны жаттау. «Байлық деген не?» тақырыбына шағын эссе жазу. Бағалау «Жетістік жолы» бойынша өз нүктелеріне тұрады. Өз пікірлерін білдіреді.</p>
--	---

<p>Кері байланыс</p>	
<p>Бағалау</p>	<p><i>Балалар өз-өзін мадақтау. «От шашу» түрінде бағалайды. «Екі жұлдыз, бір тілек»</i></p>  <p>Стикерлерді толтыру. <i>Екі жұлдыз – екі ұнаған нәрсе (жұмыс туралы); Бір тілек – жақсартуды қажет ететін нәрсе.</i> Оқушылар бүгінгі сабаққа деген ойынын стикерге жазып, тақтаға іледі (2 мин.)</p>

Тілдер әлемі

Г.ҚҰЛЕКЕНОВА,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.
А.ТӨЛЕГЕНОВА,
орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.
А.ИСМАГУЛОВА,
ағылшын тілі пәні мұғалімі.
«№6 ЖОББМ» КММ.
Ақтөбе облысы,
Шалқар ауданы

БІРІККЕН СӨЗДЕР

<p>Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)</p> <p>Цели обучения, которые необходимо достичь на данном уроке</p> <p>Learning objectives is achieved in this lesson</p>	<p>Бірге жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазу.</p> <p>Написать слова слитно по орфографической норме.</p> <p>Write words together on a spelling rule.</p>
<p>Сабақтың мақсаты</p> <p>Цель урока</p> <p>The aim of the lesson:</p>	<p>Барлығы орындай алады: біріккен сөздерді сөйлемдерден таба алады. Все смогут: найти из предложении слитные слова. All will be able to: find complex words from a sentence.</p> <p>Көпшілігі орындай алады: біріккен сөздерді орфографиялық нормаға сай қолданады.. Большинство смогут: употреблять слитные слова по орфографической норме.</p> <p>Most will be able to: use complex words by spelling normal.</p>

	<p>Кейбірі орындай алады: біріккен сөздердің құрылымдық ерекшелігіне талдау жасайды, дәлелді ой ұсынады.</p> <p>Некоторые смогут: анализировать структурную специфику слитных слов, представлять мотивированную мысль.</p> <p>Some will be able: to understand features of the construction of complex words, I propose the idea</p>
Ойлау дағдыларының деңгейі	Қолдану, талдау.
Бағалау критерийі	-біріккен сөздердің құрылымдық ерекшелігін анықтайды; -біріккен сөздерді аударып, сөйлем құрай алады.
Тілдік мақсаттар	<p>Оқушылар орындай алады: біріккен сөздерді күнделікті өмірде пайдалана алады.</p> <p>Учащиеся смогут: употреблять слитные слова в повседневной жизни.</p> <p>Students will be able to: use complex words in everyday life.</p> <p>Пәнге қатысты терминдер: дара және күрделі сөздер, біріккен сөздер. Термин сөздер.</p> <p>Термины относящиеся к предмету: простые и сложные слова.</p> <p>Terms related to the subject: simple and complex words:</p> <p>New words: anniversary, neurosurgeon, proud, events are held.</p> <p>Талқылауға арналған сұрақтар:</p> <p>Вопросы для обсуждения:</p> <p>Points for discussion</p> <ul style="list-style-type: none"> - Біріккен сөздердің қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі айырмашылықтары қандай? - Какие отличия в казахском, в русском и в английском языке. - Questions differing in Kazakh, Russian and English. - Біріккен сөздердің күнделікті өмірдегі қолданысы қандай?

Құндылықтарға баулу.	Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы негізінде туған жерді қорғау, өлке мақтаныштарын құрметтеуге баулу.	
Пәнаралық байланыс Межпредметная связь Inter subject communication	Қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі, тарих, география. Казахский язык, русский язык, английский язык, история, география. Kazakh, Russian, English, history, geography.	
Сабақ барысы Ход урока Outline of the lesson		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері Запланированные упражнения Planned exercises	Ресурстар Ресурсы Recourses
Сабақтың басы Начало урока Beginning of the lesson	<p>Қызығушылықты ояту Пробудить интерес</p> <p>*Кинодан үзінді (дыбыссыз) көрсету. Показ эпизода из кинофильма. To show the episode from the film.</p> <p>*Үзіндіде көрсетілген кинофильмнің аты мен орындалған әннің тақырыбын табу. Назвать тему и название песни из кинофильма. Name the theme and title of the song from the movie.</p> <p>*Жасырынған әнді айту. Найти скрытую песню. To find hidden music</p> <p>*Әннің тақырыбын құрамына талдау. Сделать разбор по составу название песни. To make an analysis of the composition of the song title.</p>	<p>https://www.youtube.com/watch?v=4mERLBwkHSM</p> <p>Слайд1-2</p> <p>«Саржайлау» әнінің сөзі</p>

<p>Сабақтың ортасы Середина урока The middle of the lesson</p>	<p>1-тапсырма 1-задание 1-task «Сыңарын тап» ойыны. ТЖ Шарты: Берілген сөздерден біріккен сөз жасап, сөйлем құрау. <i>Из данных слов составить слитные слова и предложения.</i></p>	<p>Слайд 3</p>
--	---	----------------

	<p>1-топ – Ақ; Мясо; Black.</p> <p>2-топ – Ел; Верто; Pencil.</p> <p>3-топ – Ата; Пыл; Вед.</p> <p>2-тапсырма Ж Зымыран сұрақтар жауабын орыс, ағылшын тілдеріне аудару, ерекшелігін атау. Дать ответы на русском и английском языках. Сұрақтар: 1). Жиегі көгерген кілем қайдан көрінген? (Көкжиек-горизонт-horizon) 2). Нені қазып, қала атауы болған? (Жезқазған) 3). Екі сөз бірігіп қалайша сайрады? (бұлбұл - соловей - nightingale.) 4). Екі қазанның бірі сатылып кеткенде, неше қазан қалады? (бірқазан - пеликан-pelican.) 5). Бакканым әрі құс, әрі түйе. (түйеқұс-страус- ostrich.) 6). Суы да ала, тауы да ала, бар ма екен осыны білетін бала? (Алакөл.)</p>	
--	--	--

	<p>3-тапсырма ТЖ Шарты: Берілген сөйлемдерді қазақ, орыс тілдеріне аудару. Данные предложения надо перевести на казахский, русский языки. Translate the sentences into Kazakh and Russian.</p> <p>1-топ – Ақтөбе қаласының 150 жылдық мерейтойына орай іс-шаралар өткізілуде. – Events are held to celebrate the 150th anniversary of the city of Aktobe. – Проводятся мероприятия к празднования 150-летия города Актобе.</p> <p>2-топ Ashikudyl-salt lake Ашықұдық-аудандағы тұйық, ащы көл. Ашықудук-соленое озеро.</p> <p>3-топ – Aksholakov Serik Kuandikuly – a famous international neirosurgeon, the proud of our people. – Әлем дәрігері, нейрохирург Ақшолақов Серік Куандықұлы – ел мақтанышы. – Ақшолаков Серик Куандыкович-известный международный нейрохирург, гордость нашего народа.</p>	<p>К е с п е қағаздар</p> <p>Слайд 4</p> <p>Слайд 5</p> <p>К е с п е қағаздар</p> <p>Слайд 6</p>
--	---	--

<p>Сабақтың соңы</p> <p>Конец урока</p> <p>The end of the lesson</p>	<p>Берілген сөздерді қазақ, орыс тілдеріне аудару, тілдік ерекшеліктерін салыстыру ТЖ.</p> <p>Перевод данных слов на казахский, русский языки, сравнение языковых особенностей</p> <p>Translation of these words into Kazakh, Russian, comparison of language features</p> <table border="1" data-bbox="258 486 729 683"> <tr> <td>Ағылшын тілінде</td> <td>Қазақ тілінде</td> <td>Орыс тілінде</td> </tr> <tr> <td>Handbag</td> <td>Қол сөмке</td> <td>сумка</td> </tr> <tr> <td>Football</td> <td>футбол</td> <td>футбол</td> </tr> <tr> <td>chairman</td> <td>басқарушы</td> <td>руководитель</td> </tr> </table>	Ағылшын тілінде	Қазақ тілінде	Орыс тілінде	Handbag	Қол сөмке	сумка	Football	футбол	футбол	chairman	басқарушы	руководитель	<p>Кеспе қағаздары</p> <p>Слайд 7</p> <p>Слайд 8</p>
Ағылшын тілінде	Қазақ тілінде	Орыс тілінде												
Handbag	Қол сөмке	сумка												
Football	футбол	футбол												
chairman	басқарушы	руководитель												
<p>Рефлексия</p>	<p>СЖ. Бүгінгі сабақтан:</p> <p>– Көзіңмен не көрдің? Что увидел? What did you see?</p> <p>– Құлағыңмен не естідің? Что услышал? What did you hear?</p> <p>– Жүрекпен не сезіндің? Что почувствовала? What did you feel?</p>													

Сыныптан тыс сабақ

С. Т. ЗҰЛҚАШЕВА,
«Бөрлі колледжі» МҚКҚ
қазақ тілі және әдебиеті
пәні оқытушысы.
Батыс Қазақстан облысы,
Бөрлі ауданы,
Бөрлі ауылы

ҰЛЫ ЖЕҢІС ЖАСАСЫН!

Мақсаты:

Оқушыларды адамгершілікке, Отанын сүйуге, оны қорғауға баулу. Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру. Оларға патриоттық тәрбие беру. Оқушыларды Ұлы Отан соғысымен, қазақстандықтардың ерлік істерімен таныстырып, ой-өрісін дамыту. Оқушыларды үлкенді сыйлай білуге, оларды қадірлеуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: ұнтаспа, Ұлы Отан соғысы туралы кітаптар, слайдтар, гүлдер, шарлар, көрініске қажетті үй жабдықтары т.б.

Түрі: тарихи көрініс сабағы.

Өтілу барысы: Бөлме ішін безендіру. Музыка ойнап тұрады.

Тарих кеші үнемі жаңаланып отырады. Десе де ұмытылмайтын, ескірмейтін тарихи оқиғалар болады. Соның бірі – әлемді дүр сілкіндірген екінші дүниежүзілік соғыстың қасіреті мен Ұлы Жеңістің қасиетін батыр ағаларымыз бен апаларымыздың ерлігін ешкім де ешқашан ұмытпақ емес. Әлемді дүр сілкіндірген оқиға 1941жылы маусымның 22-де болған еді. Бірақ сол кездегі Кеңес елінің бірлігі

мен достығының арқасында 1945 жылы 9-мамырда
Ұлы Жеңіспен аяқталды.

*Ұлы кешке сенген күн,
Фашистерді жеңген күн.*

Ағаларға ерген күн,

Бақыт гүлін терген күн — деп, ақын Қадыр
Мырза Әлі жырлағандай, «Ұлы жеңіс жасасын!»
атты Жеңістің 70 жылдығына арналған тәрбие
сағатымызды бастауға рұқсат етіңіздер.

Көрініс: «Согыс қасіреті» (күй ойнап тұрады)

Немересі: – *Әже, әже! Бүгін менен бақытты
адам жоқ. Жаңа өмірдің баспалдағын дәрігер боп
бастағым келеді. (Әжесін құшақтап еркелей
күледі.)*

Әжесі: – *Талабыңа нұр жаусын, арманыңа жет
балам! (маңдайынан сүйіп, қасына отырғызады,
әкесі жымылып, салмақты киіпте пышағын
қайрап отыра береді, келіні ыдыс алып келе
жатып, радиодағы хабарды тыңдап тұрып
қалады).*

Радио: – *Тыңдаңыздар! Тыңдаңыздар! Сөйлеп
тұрған – Москва! Бүгін, таңертеңгі сағат
4-те Неміс фашисттері Германия мен Совет
Одағының арасындағы шабуыл жасамау туралы
шартты бұзып, біздің еліміздің территориясына
опасыздықпен басып кірді.*

Немересі:

– *Аттан!*– деді,

Ол қазір аттанады.

Жауынгердің ролін атқарады.

Неге бізге үмітсіз тесілесің?

Аттан, әке,

Жолыңнан кешігесің.

Кеудесінде жаны бар пақырларың,

*Тауып жейді сенсіз де несібесін. (Әкесін келіп
құшақтайды.)*

Әкесі:

– *(Әкесі қолындағы бір жасар баласын қызына
беріп тұрып)*

Тыңда балам, тыңда күнім,

Болуға жара қолқанат.

Кәрі анам, сәби інің,

Барлығы саған аманат.

Әжесі:

– *Оралсын аман жеріне,*

Көріссін туған елімен.

Келін-ау, көздей қалтаға

Топырақ салып беріп жібер.

Келін:

(қалтаға салынған топырақты берген келін)

– *Кебін киген өледі,*

Кебенек киген келеді.

Үлкен үйден дәм татса,

*Кешікпей дейді келеді. (Жарының соңынан
жылап қалады.)*

І жүрг: – *Отан ана жылағанда шер сеніп,*

Тапжылмастан төгеді екен жерге бұлт.

Қара бұлтты қақ жарайық, деді де,

Қолдарына қару алды ерленіп.

II жүрг: – Бұлт торлады аспанды,

Қара жер қанға ластанды.

Зеңбірек атып жан-жақтан,

Осылай соғыс басталды.

Монтаж: 1-оқушы:

– Соғыс деген қайдан шықты,

Авторы кім алғашқы?

Есіл адам, есі кетіп,

Оған несін жармасты?!

Бүкіл адам тарихының бетін неге қан басты.

Соғыс деген — аққан соры ақсүйектің, құлдың
да,

Соғыс деген — төккен ары ұлдың және қыздың
да.

Соғыс деген — сотқарлардың қолындағы
найзасы,

Соғыс деген — соғыс деген — зұлымдықтың
айнасы.

2-оқушы: – Қиылды,

Қанаты тәтті арманның.

Үзілді қайырмасы бақтарда әннің.

Әлемде ең сұмдық күн ана үшін —

Майданға азаматтар аттанған күн.

Бұлт басты,

Ашық сәні қапты аспанның.

Жоғалсын заты бұлай бас қосқанның.

Анаға ең ауыр күн тіршілікте —

Боздап кеп,

Боздағымен қоштасқан күн.

Қайғыдан кәрі таулар қап-қара боп,

Жеткізді жерге дейін қайың басын.

3 – оқушы:

– Жабады,

Дала төсін нала, қайғы.

Шын қайғы жас кәріге қарамайды.

Қып-қызыл көлдің бетін

Сұңқылдаған,

Аққулар қанатымен сабалайды.

Долданып,

Лайланып тасқын әні

Сай-сайдды тастарымен бастырады.

Селкілдеп,

Желкілдеген қамыс құрақ.

Өкіріп,

Өзен басын тасқа ұрады.

4 – оқушы:

– Күннің де жүзі қызыл күндегіден,

Иттердің ұлуы көп үргенінен.

Қанишатшып, қауызынан райханның,

Еменнің жас тамып тұр дінгегінен.

Жас бала дір-дір етті мұны көріп,

Жіберді төгіп, мұңын өрік.

Қоштасу,

Жылау,
Тілеу,
Қайрат беру...
Дүние кетті бір сәт күңіреніп.

5 – оқушы:

– Найзағай жиі-жиі шақпақталып,
Майданға азаматтар жатты аттанып.
Ежелден біздің елдің рухы асқақ,
Сенімін қалды сонда сақтап халық.
«Алар жау сыбағасын оңбай бізден».
Шығамыз
Соңғы күшпен,
Соңғы айбынмен.
Қорғаймыз байтақ елді,
Өйткені оны
Әр ұрпақ өз тұсында қорғай білген.

6-оқушы: – 9 мамыр – Жеңіс күні өмірді сүйер адамзаттың есінен мәңгі кете ме? Бірақ бұл Жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Гитлершілдер соғыстың бас кезінде 190 дивизияны, 5 мыңдай ұшақты, 3700 танкті, 50 мыңдай қаруды шабуылға шығарды. Жерімізге басып кірген жау әскерінің жалпы саны 5,5 миллион адамға жетті.

Қазақстандықтар Брест қамалын қорғады, Мәскеу түбінде де өлімге бастарын тікті. Сталинград, Курск доғасындағы шайқастарда ерекше көзге түсті. Берлинге шабуыл жасады,

Рейхстагқа қазақ жігіті Рақымжан Қошқарбаев Жеңіс туын 1945 жылдың 30 сәуірде тікті.

Рақымжан Қошқарбаев туралы бейнематериал көрсетіледі:

7-оқушы:

– Біздің халқымыз қазақтың батыр қыздары Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметованың есімдерін мақтанышпен атайды.

Ата-анасынан ерте айырылған Мәншүк жастық шағын да тәрк етті. Алматы медициналық институтында оқып жүрген шағында жау жақтан ескен соғыстың ызғарлы желі жас қайыңның жапырағындай жайқалған бойжеткенді жұлып түсіреді. Халқына төніп тұрған қауіпке жаны шыдамай, дамыл таппастан әскерге өзі сұранып, жоғарыға мынадай өтініш жазады: «Фашистерді жою үшін майданға жіберетін менің ағайым да, апайым да жоқ, сондықтан өзімді жіберіңіз». Ел үшін қан төгіп, жан беріп жатқан отандастарына қалай да өз жәрдемін бергісі келген ниетпен, 1942 жылдың тамыз айында «Қызыл армия» қатарына алынды.

1943 жылдың 15 қазанында Псков облысындағы Невель қаласын босату үшін Изоча станциясындағы 173,7 биіктігінде қантөгіс соғыс болды. Сол күні Мәншүк жан серігі – пулеметімен дамылсыз оқ атып, ерен ерлік көрсетті. Жауыз жаудың Мәншүкке қарсы атқан оғы оның ажал

оғы болып, өрімдей қызды қырышыннан қиып түсті.



8-оқушы: – 1942 жылы Әлия өз еркімен майданға аттанып, мергендер мектебін үздік бітірді. Біраз уақытқа дейін оның алғы шептегі атыс-шабыс алаңында білім-білігін іс жүзінде көрсетуіне рұқсат етпеді. Бірақ жас қазақ қызы алға ұмтылды, жауға қарсы оқ жаудыруға асықты. Бір хатында ол өз құрбылары мен достары үшін фашистерден кек алуды қалайтынын жазады. Өзі оқыған қаласының құрсауда қалғаны оны қатты алаңдататын еді.

1943 жылы Снайперлер дайындау орталық әйелдер мектебін аяқтайды. 1943 жылдан бастап, 54-ші арнайы атқыштар бригадасы 4-батальонының снайпері болған (22-ші әскер, 2-ші Балтық жағалауы фронты). Жау әскерінің 30-дан аса сарбазы мен офицерінің көзін жойған. 1944 жылы 14 қаңтарда Псков облысының солтүстігіндегі Новосокольники ауданында қаза тапты.

Әлия туралы бейнематериал көрсетіледі:

9-оқушы: – Оны – «дала сермеңдесі», «көк тәңірісі», «аспан перісі», «қанаттылар ханы» деп құрмет тұтты. Дәл осындай текті құстың болмысы қазақтың арда ұлы, Кеңес одағының батыры атағын екі рет алған қыран текті Талғат Бигелдинов еді.

Дүниежүзілік екінші соғыстың ажал қорғасындары аспан көгін осқылап жатқан тұста, қазақтың сайын даласынан, Қараөткелден түлеп ұшқан сарша қыран көкке темір тегеурінді әскери ұшақты 305 рет көтерген екен.

Қабиденұлы Төлеген Тоқтаров – қатардағы жауынгер. 1942 жылдан бастап 1943 жылға дейін Сталинград майданында соғысқан. «Германияны жеңгені үшін» медалімен марапатталған.

10-оқушы:

– Ұлы Отан соғысының ержүрек батыры, халқымыздың біртуар перзенті – Қасым Қайсенов 1918 жылы 23 сәуірде Шығыс Қазақстан облысының Ұлан ауданында дүниеге келген. 1941 жылдың қараша айында Оңтүстік-Батыс майданның штабына аттандырылып, басқыншылар қолында қалған Украина жерін азат ету үшін жау тылына түсіріледі. Қайсенов атамыз сол жерде Чапаев атындағы партизан құрамасының үшінші отрядының басқарушысы болады. Бұдан кейін, 1944 жылдың соңына дейін Чехословакия (қазіргі Чехия), Румыния, Молдавия елдеріндегі партизан қозғалыстарына қатысты. Соғыс аяқталған жылдардан соң бейбіт еңбекке араласып, Қазақстан Жазушылар одағында, баспа мекемелерінде қызмет атқарған. Ұлы Отан соғысының қиын-қыстау кезеңін, жауынгерлердің ерлігін суреттейтін «Жас партизандар» (1954), «Ажал аузында» (1959), «Жау

тылындағы бала» (1961), «Жау тылында» (1973) секілді көптеген шығармалардың авторы.

11- оқушы:

– Ешкім де, еш нәрсе де ұмытылмақ емес!

Отан үшін ерлікпен қаза тапқандар!

Соғыс – күйретуші күш! Дәл солай! Барды жоқ ететін, тауды жер ететін. Жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрін жолмап жұтатын ажал.

Иә, содан бері жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, ешнәрсе ұмытылған жоқ.

Ұлы Отан соғысы... бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгі қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шебінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды.

Қан майданның жүректе жарасы бар,

Қайғысы мен зілі бар, наласы бар.

Арамызда жүретін алшаң басып,

Ардагерлер азайып барасыңдар.

Қастерлейді халқымыз қаһарманын,

Жүр есінде сан жарық, сапарларың.

Қайран ерлер, қаһарман ардагерлер,

Қалды-ау сиреп бүгінде қатарларың.

Неменеңе жетістің, бала батыр,

Қариялар азайып бара жатыр

Әсіресе Ұлы Отан соғысынан аман оралған ақсақалдарымыздың қарасы жыл санап азайып барады емеспе?! Солардың жанымен, қанымен, терімен, көз жасымен, күшімен, ісімен, ерлігімен, атаның туын жсықпай, ананың намысы үшін туған жердің топырағын жауға таптампай, еңіреп жүріп жауды жеңіп, тауын шағып, туын жсығып, жеңістің

таңбасын басқан күн – Жеңіс күні. Бұл күннің толғағы ащы болса да, туғаны бар халқы үшін қуаныш болған күн. Сондықтан да бұл ұлы мереке.

12- оқушы:

– Сәлем бере қалсаң Мұратқа,

Тыныштық деп алдымен айт, сұратпа

Тыныштық па, тыныштық па, балалар?

Деп отырар қысы-жазы шауқта.

Ел басына туған күндер, жүрекке салған қатал тағдырдың қасірет таңбалары жоғалар ма екен? Соғыс! Осы сөздің ар жағына, мағынасына үңілудің өзі қандай үрейлі, қандай қорқынышты. Ол ойлауға ғана. Ал сол алапат күндерді белшеден кешіп, бастан өткізген адамдар жайлы бір сәт тыңдап көріңізші?

Шытынаған соғыс салған сызаттан

Кәрі кеуде жалын атқан, сыз атқан!

Төрт баланы тыныштыққа құрбан қып

Төрт келінді төрт адамға ұзатқан.

Бұдан артық қандай қайғы қасірет болмақ. Сондықтанда тағдыр тауқыметін тартқан Мұрат қарт кездескен адамнан алдымен « Тыныштық па» деп сұрайды. Иә, алдымен ел басына керегі – тыныштық.

13- оқушы:

– Өмір жайлы сұрай берме сен менен,

Өмірді мен әлі зерттеп көрмеп ем.

Өмір жайлы білгің келсе, қартқа бар

Қан майданнан жалғыз ұлы келмеген

Жесір келін, бір нәресте көрмеген

Жетім шалды бала орнына тербеген

Өмір жайлы не түсінем мен деген...

Өмір жайлы сұрай берме сен менен

Өмір жайлы білгің келсе қартқа бар
Өміріңе кегі кеткен, өлмеген
Жалған айып таңылғанда көлденең
Ақиқаттың аппақ туын бермеген
Содан сұра, содан сұра өмірді
Нені көрді, нені сезді, не білді?
Неге ақылды ақымақтан жеңілді,
Біреу жылап, біреу неге көңілді?!

Сай-сүйегің сырқырайтын осы бір көрініс – халық басына төнген тарихтың тасқын бір селі. Соғыс деген лаулаған өрт, жойқын апат, ақын тілімен айтқанда жетім шал, жесір келін, жетім бала, құлазыған тіршілік, сөнген от, құлаған кереге, опырылған шаңырақ, аштық, жалаңаштық, жоғалған жастық.

1 жүрг: – 1941 жылдың 16 қарашасында немістер Москваға Волокалам бағытында ұрысқа шықты. 1075-атқыштар полкі 4-ротасының 2-взводы тұрған бекініс жаудың 30-танкісі шабуыл жасады. Взвод жауынгерлері барлығы 28 адам төрт сағатқа созылған ұрыста жаудың 14 танкісін қиратты. Соғыс тарихында асқан ерлікті бейнелейтін бұл ұрыста 18 панфиловшының 23-і қаза тапты. 28-дің 22-сі қазақстандықтар еді.

2 жүрг: – Соғыс жылдары қазақстандық бес әскери құрамға гвардиялық деген құрметті атақ беріліп, олардың туларына әлденеше ордендер қадалды. Олардың жауынгерлерінің ерлігі аңызға айналды. Соның ішінде атақты панфиловшылар дивизиясы бар. Оның құрамынан шыққан батальон, кейіннен дивизия командирі болған Бауыржан Момышұлының, Мәлік Ғабдуллиннің есімдері соғыс тарихынан мәңгілік орын алады.

Көрініс: «Отан үшін отқа түс».

(шағын бөлмеде қабырғадағы картаға мұқият қарап, генерал тұрады).

Генерал: – Қап! Мына фашист иттің тікендей қадалып тұрғанын қарашы! Соқыр ішектей созылып тұрғанын нағылеттің! *(осы кезде Бауыржан кіреді.)*

Бауыржан: – Бұйрығыңыз бойынша келіп тұрмын, жолдас генерал!

Генерал: – Ах, соғыс, соғыс! Майдан, қырғын арпалыс, қылшылдаған аяз, қасарысқан дұшпан. Осының барлығына шыдау керек.

Бауыржан: – Тізе бүгіп тірі жүргеннен, тік тұрып өлген артық емес пе?! Шыдаймыз, жеңеміз жауды!

Генерал: – Капитан Момышұлы, сізге батальоныңызбен бірге Мәскеу түбін жаудан азат етуді бұйырамын.

Бауыржан: Құп болады, жолдас генерал.

І жүрг: – Қызыл армия Мәскеу түбінде Гитлерлік басқыншыларды алғаш рет жеңді. Бұл шайқаста Бауыржан Момышұлы басқарған батальон ерліктің тамаша үлгісін көрсетіп, жауды ойсырата жеңді. Фашистердің Мәскеу түбінде жеңілуі Ұлы Отан Соғысындағы түбегейлі бетбұрыс болды.

Қазақ арасында осы соғыста ерекше қаһармандық танытқан батырдың бірі әрі бірегейі – Бауыржан Момышұлы. Соғыс кезінде қолбасшы Рокоссовский лейтенант шеніндегі жап-жас қазақ жігітінің қабілетіне риза болып, полк командирлігіне тағайындаған. Б.Момышұлы соғыс кезінде 207 рет шайқасқа қатысып, 2 рет ауыр жараланды. Басшылық тарапынан бірнеше рет Кеңес Одағы батыры атағына ұсынылады. Бірақ, атақ кешіктіріле береді.

Еңбекқор Б.Момышұлы мойыған жоқ. Ол 37 дәптер күнделік жазған батыр, бейбіт өмірдің қаруы қаламды алып қазақ және орыс тілдерінде көптеген кітаптар жазады. «Артымызда Москва» кітабы Кубаның бүкіл әлемге белгілі басшысы Фидель Кастроның сүйіп оқитын кітабына айналды. Бауыржан Момышұлының Ұлы Отан соғысында ұрыс жүргізу әдістері үлгі ретінде қабылданып, Кубаның әскери академиясында оқытылды.

II жүрг: – Соғыс кезінде оқ атылмады демесе, ауылдағы тіршіліктің қиындығы майдандағыдан кем болған жоқ. Аналар мен балалар, ақсақалды аталар бәріне төзді. Таңның атысынан күннің батысына дейін ферманың жұмысымен әскерлерге арнап шұлық тоқыды.

Отанға жаулар қаптады,
Опасыз жаулар таптады.
Қасиетті жер үшін
Қастерлеп батыр ел үшін.
Әлия, Мәншүк, Төлеген,
Жаулардың көзін жойды олар.

14 – оқушы:

– Солдаттың көкірегі толы арманы,
Оқ жаңбыр астында да жоғалмады.
Отанмен анасы үшін алға деді,
Амал не, көпшілігі оралмады.

«Соғыстан қайтқан солдаттар» әні орындалады және көрініс.

Жаутаңдап қарап дала тұр,
Көз жасын сүртіп жаңа бір.

Хабарсыз ұлын сұрауға,
Жолыңды тосып ана тұр.
Қаниша үйдің ұрлап адамын,
Қаниша үйде сөніп қалды оттар.
Көрдің бе ұлын күн ана,
Соғыстан қайтқан солдаттар?
Кешікпей жарым келер деп,
Төрінен сайлап орынды.
Батысқа қарап елеңдеп,
Ару жүр тосып жолыңды.
Көтерді бәрін ауырдың,
Азамат болып арды ақтар.
Көрдің бе жанын арудың
Соғыстан қайтқан солдаттар?
Кетер де солдат жарының
Ішінде қалған ана жыл.
Көкемді айтпай танырмын
Деп бір сәби бала жүр.
Қайрылмай қалай кетесің?
Хабарсыз қалай ол тоқтар?
Көрдің бе оның көкесін,
Соғыстан қайтқан солдаттар?
Қаралы қағаз жебелі,
Қанишама қайғы салды оттар?!
Барады үнсіз түнеріп
Соғыстан қайтқан солдаттар? - **2рет**

I жүрг: – 1945 жылдың 30 сәуірінің кешінде 6 сағат 30 минутта Жеңіс туы тігілді. Ту тіккен — Рақымжан Қошқарбаев. 4 жылға жуық созылған қан төгіс аяқталды. 9 мамыр — Жеңіс күні. Бірақ бұл жеңіс оңайлықпен келмеді. КСРО-ның 1710 қаласы күл талқан болды. 70 мыңнан астам село мен деревняны

өрттеп жіберді. Қаншама ана баласыз, қаншама бала әкесіз қалды. Соғыс даласынан 20 миллионнан астам адам қайтқан жоқ, ал соның ішінде 350 мыңы қазақ болатын.

II жүргі: – *Иә, аспанымызда Жеңіс туы желбірегеніне — 70 жыл. Соғыс өрті өшіп, қайғы мұңнан арылып, бейбітшілік орнап, бақыт гүлін тергенге — 70 жыл.*

15 оқушы:

*– 70 жыл — бейбіт көктем таң атқалы,
70 жыл — шуақты күн таратты әнін.
Талай құс содан бері қайта оралды,
Талай бақ әлеміне қайта оранды.
Соғыста өлгендер тек оралмайды,
Тек ұрпақ олар жайлы айтады әнді.
70 жыл — жауыздықтың ажал оғы,
Біздің елдің үстінен ұшпағалы.*

II-жүргі: – *Шашу шашылады.*

*Елге қауіп төнбесін,
Егестен адам өлмесін!
Есен-аман болайық,
Енді соғыс болмасын!
Өртенбесін туған ел!
Шайқалмасын асқар бел!
Шайқалмасын шалқар көл!*

*Жасасын Жеңіс!
Бақытты елім күле бер!
Тәуелсіз болып болашағына жүре бер!
Болмасын соғыс!*

*Болмасын соғыс!
Болмасын!
Осы тілекпен барша халайық түрегел!*

Ж. Нәжімеденовтың «Бейбіт күн тілегі» әні хормен орындалады:

*Жойылсын жалғыз сөз соғыс деген,
Оқ даусы мәңгілік жойылсын.
Бомбаның орнын тегістеген,
Күректер музейге қойылсын.
Қайырмасы:
Кел, достарым, ән бастадым.
Көтеріп жаңғырық!
Данасын дала, баласын ана,
Жоқтамасын мәңгілік!
Көктесін жас ағаш одан әрі,
Өткен күн қайтадан жанбайды.
Сұлудың кестелі орамалы,
Сұртсін, тек тершіген маңдайды.
Қайырмасы:
Қайғыны білмесін ана жаны,
Қазіргі адамда арман сол.
Әлемнің бар сәби балалары,
Оянсын ұйқысы қанған соң.
Қайырмасы.*

I жүргі: – *Иә, соғыс өзінің сұмдықтарын бүгінгі күнге дейін ұмыттырар емес. Ұлы Отан Соғысының жеңіспен аяқталғанына міне 70 жыл болды. Бірақ, сол жылдар жаңғырығы адамзат жүрегін әлі сыздатуда. Иә, уақыттың тарихы атты өз төрешісі бар.*

*Сен неткен Отан-анам, гажап едің,
Әспеттеп көркем тілмен жазар едім.*

*Болашақ ұрпағыңның бақыты үшін,
Жайнай бер Ұлы Отаным — қазақ елім.*

*Желбіре, көгілдір Ту, көк аспанда,
Не жетсін жөні келіп жарасқанға.
Сен менің құдіретім, киём-дағы,
Айбардың айтсын сөзді адасқанға.*

Қорытынды: Осы Ұлы Жеңіс жолында қаниама отандастарымыз және жерлестеріміз қаза болды, қаниамасы жүрегі жараланып, қанаты қайырылып елге оралды. Қазақ тарихында, қазақ әдебиеті тарихында есімдері мәңгілік сақталатын ұлы ақын – жазушыларымыздың да көпшілігі қан майданның қақ ортасында болып, елін жаудан қорғаған азаматтар. Жұбан Молдағалиев, Қасым Қайсенов, Әзілхан Нұршайықов, Сырбай Мәуленов, Әбдіжәміл Нұрпейісов сынды әдебиетшілеріміз туралы қандай ойларыңыз бар? Не білеміз? Қандай соғыс тақырыбына жазылған шығармаларын білеміз?

Жеңіс күні – адамзат аңсап күткен күн. 1945 жылғы 9 мамыр азаттық күрестің айбынды күні. 1941-1945 жылғы Ұлы Отан соғысына Қазақстан 1 миллион 366 мың адам аттандырды. Жеңіске олардың жартысы ғана аман жетті, қалғандары майдан даласында ерлікпен көз жұмды. Олар бізге «Жеңіс» атты қасиетті де қастерлі сөзді сыйлап кетті. Міне осындай ұлы батырларды ұмытпау – ұрпақ міндеті.



Кітапхана тынысы

Д. РАХИМОВА,
С.Бәйішев атындағы Ақтөбе
облыстық әмбебап ғылыми
кітапханасының библиографы.
Ақтөбе қаласы

АРМАНЫ АҚЖАЙЫҚПЕН ҮНДЕСКЕН ҚАЛАМҒЕР

«Тағдырдың қасірет қойтастарының арасынан қайсар әдебиет талшығы – Хамза Есенжанов жарып шықты да, тамырлы жапырақты алып бәйтерекке айналды».

С.Шарабасов.

Биылғы жылы жазушы Хамза Ықсанұлы Есенжановтың туғанына 110 жылдығы қарсаңында елімізде қаламгердің өнегелі өмірі мен шығармаларын насихаттау жолында көптеген ауқымды шаралар атқарылуда.

Қазақ әдебиеті тума талант иелеріне ешқашан кенде болған емес. Бұрын да болған, қазір де бар. Осындай дарын иелерінің бірі – өр тұлғалы, асқақ жазушы – Хамза Есенжанов.

Абайша айтсақ, Хамза Есенжанов – артына өлмейтұғын сөз қалдырған саңлақ суреткер, яғни өзгелерін өз алдына қойғанда, шындық пен сырға, ой мен образға, сезім мен суретке, парасат пен философияға толы бір трилогия, бір диалогия біріне-бірі жалғаса, бірінен-бірі туындай тұтасқан бес том тарихи революциялық романдар циклін жазып қалдырып кеткен тамаша сөз зергері.

Адам дарынының бастау көзін халқымыз «әкенің құты, ананың сүті» деп, әуел бастан осы өлшеммен есептеп қойған. Одан басқа «тегі асыл, сойы бөлек» деген бағам сөздер де бар. Хамза Есенжанов – сондай өлшемнен де биік тұрған бірегей дарын иесі. Оның

шығармашылығының биік шыңы – «Ақ Жайық» романы оның тілдік тұлға екендігін және табиғи дарынының тума мөлдірлігін танытатын басты көрсеткіш.

Бұл үлкен еңбекте жазушы Батыс Қазақстан өңіріндегі революциялық қозғалысты, Кеңес өкіметінің қалай орнағанын суреттейді. Жазушының ұзақ жылдар бойғы еңбегі кезінде әдеби ортада лайықты бағасын алды. Заманымыздың заңғар жазушысы М.Әуезов трилогияға *«Еуропа үлгісінде жазылған тұңғыш шығарма»* деп баға берді.

Жазушының жастық шағы ағайын мен бауырды екі топқа бөліп, жаға жыртыстырған, қан төгістірген, сонымен қатар дүниені дүр сілкіндіріп жаңалығын да әкелген, жаңа қоғам құрған жиырмасыншы ғасырдың 20-30 жылдарымен тұспа-тұс келді. Есенжанов Хамза Ихсанұлы 1908 жылы 25-ші желтоқсанда Батыс Қазақстан облысының Ақжайық ауданында туған.

Келер ұрпаққа мол мұра қалдырған қайтпас қайсар қаламгердің 110 жылдығына орай С.Бәйішев атындағы Ақтөбе облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы «Жайық жыршысы» атты тарихи-танымдық кешін өткізді. Жалпы оқырман қауымға арналған «Арманы Ақжайықпен үндескен қаламгер» библиографиялық ұсыныстық көрсеткіш шығарып отыр.

Артына өшпес мұра қалдырған Хамза ағаның өзі өлсе де, артында жоқтаушысы бар қазақ халқы, әдебиет сүйер ұрпағы барда ешқашан өлмейді және өлмек емес. Алмағайып заманда өмір кешіп, өзі туған өңірдің тұтас бір тарихи кезеңі мен тұлғаларын мәңгілікке сомдап кеткен дархан дарын, пайымды парасат иесі ұрпақтар есінде мәңгі сақталып, шығармалары мәңгілік рухани мұра болып қала береді.

Р. КЕНЖЕБАЕВА,
С.Жиенбаев атындағы
облыстық жасөспірімдер
кітапханасы.
Кітапхана қызметкері.
Ақтөбе қаласы

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫ ТАРИХЫ. ЖАСТАР КЕШЕГІСІН БІЛІП, ЕЛ ЕРТЕҢГІСІН ЕСЕЛЕТПЕК

Сағи Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасы Елбасымыздың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы аясында кітапхана оқырмандарымен ақпараттық-талқылау шарасын өткізді. Елбасымыздың жариялаған «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы тарихқа негізделген құжат. Бұл маңызды құжат бір жарым жыл бұрын жарияланған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының жалғасы. Айта кетсек, Президенттің «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы екі бөлімнен тұрады. «Ұлы даланың жеті қыры мақаласы» тарих пен уақыттың үндестігінен құрылған. Мақаланың «Ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт» бөлімінде халқымызға ежелден тән атқа міну мәдениеті, дала металлургиясы, аң стилі, алтын адам, түркі әлемінің бесігі, ұлы жібек жолы турасындағы тарихи құндылықтар мен оның терең философиялық мәнін ашады. «Тарихи сананы

жаңғырту» атты мақаланың екінші бөлімінде Елбасы «халқымыздың өткені мен бүгінгі және болашағының іргелі негіздеріне тікелей қатысты» бірқатар жобаларды жүзеге асыруды ұсынады. Әсіресе «ұлы даланың ұлы есімдері», «дала фольклоры мен музыкасының мың жылы», «түркі генезисі», «Архив-2025» тақырыбында ұлтымыздың музыка, өнер бағытындағы ұлан ғайыр тарихы ақтарылары хақ. Айта кетерлігі, «Тарихи сананы жаңғырту» бөлімінде еліміздің ұлы тұлғаларының есімдерін жаңғыртуға, қазақтың қобыз, домбыра, сыбызғы, сазсырнай және басқа да дәстүрлі музыкалық аспаптарымен орындауға арналған маңызды туындылар топтамасын – «Ұлы даланың көне сарындары» жинағын басып шығару қажеттігіне тоқталады. Елбасы мақаласында тек тарихты ақтару емес, оны цифрландыру сұрақтары да көтеріледі. Әсіресе Ұлы Даланың фольклоры мен әуендері заманауи цифрлық форматта «жаңа тыныс» алуға тиіс деп көрсетілген. Елбасымыз бұл жолы да ұлттық болмысымызды сақтап, тарихымызды жаңғырту жайына кеңінен тоқталған. Әсіресе жас буынды ұлттық тәрбиемен сусындату керектігі жазылған.

Жалпы бұл мақаланың негізгі мақсаты ұланғайыр даламыздың мыңдаған жылдар

өткен тарихында әлемдік өркениеттің дамуына қосқан ұлы жаңалықтарын, рөлін насихаттау. Бұл мақала еліміздің тәуелсіздігін нығайтуына және мәңгілік ел болу идеясының жүзеге асуына қажетті құрал болары сөзсіз. Ұлттық тарихты зерделеуде ұлттық сананы жаңғыртуда жаңа серпіліс болары анық.

Кітапхана қызметі де рухани және мәдени орта ретінде жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеуге үлес қосып Ұлы далада өмір сүріп отырған бүгінгі ұрпақтың өткен тарихтағы өр тұлғалардың ұрпағы екендігін мақтанышпен сезінетіндей сусындатып ауқымды іске үлес қосып атқаратыны сөзсіз. Шара барысында «Азаматтық бақылау» жобасының үйлестірушісі Көшкінбай Нұрмағамбетұлы Ахметов шараға жиналған оқырмандарға мақаланы ерекше ықыласпен ашып түсіндіріп берді.

*Ұлы далам – қазаққа мәңгі мақтан,
Бақытты ұрпақ тілегі таңды ұнатқан.*

Азат елдің тізгінін қолға ұстаған

Азаматы түспесін арғымақтан – деп айтыскер ақын Сырым Әуезханның «Ұлы даланың жеті қыры» атты сиясы кеппеген жаңа өлеңін кітапхана қызметкері Көшербайқызы Ақниет оқып берді.

А. ЗЕЙНЕКЕН.
С.Жиенбаев атындағы
облыстық жасөспірімдер
кітапханасының
қызметкері.
Ақтөбе қаласы.

БОЛСАЙШЫ ОҚЫРМАННЫҢ БӘРІ ОСЫНДАЙ

Жақында С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасы «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» бағдарламасы аясында «Болсайшы оқырманның бәрі осындай» деп аталатын оқырман бенефисі және кітапхананың ұйымдастыруымен ашық түрде жарияланған «Жастар кітапханасы – оқырмандар ордасы» атты эссе байқауының қорытынды кешін өткізді.

Оқырман бенефисінің мақсаты – кітапхананың тұрақты оқырмандары кітапты досы, кітапхананы үйіне айналдырып келген бенефицианттарымыз өскелең ұрпаққа өз ақылдарын айтып, кітаптың құндылығы мен кітапхананың нағыз білім ордасы екенін оқырмандарға насихаттауы, ұлттық сана-сезімі жоғары, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, білімді жастарды қалыптастырып, кітап оқуға шақыру.

Кешке ұстаз, зейнеткер, кітап сүйер оқырман Әбілқайыр Жәметов және жары ұстаз, кітапханамыздың тұрақты оқырманы Нағима Табылова, мәдениет саласының ардагерлері Людмила Байқадамова және Аманша Адасбаева қонақ болып, оқырмандармен сұхбат жүргізді.

Бенефисті №14 орта мектебінің 8 «Ә» сынып оқушысы, «Екі езу» сатира театрының жас әншісі Диас Өтес «Қазақ аруы» әнімен бастады.

Кітапханаға оқырманның келуі тікелей

кітапханашының қызметіне де байланысты. Осы тұста кітапхананың жас мамандарының «Кітап – досың, кітапхана – үйің» деген тақырыптағы бейнеролигі көрсетілді. Бейнероликте қоғамдық жерлерде, адам тобы көп шоғырланған ортада кітап ұсынып, кітапханаға шақырып, оқырмандармен бірге кітап оқығандарын байқайсыз. Сондай-ақ, келген қонақтарымыз өз пікірлерін білдіріп, оқырмандарға ақылдарын айтты. Әбілқайыр Жәметовтің: қоғамдық жерде жастардың ерсі қылықтары, қыз балалардың мінездері жастардың кітап оқымағандықтарынан, кітапхана есігін ашпай, әдебиет өнерін сүймегендіктерінен екенін айтты, сонымен қатар Нағима Табылова сол бір замандағы «кітап», «кітапхана» деген ұғымның қаншалықты маңыздылығы бар екенін айтып өтті. Нағима Табылованың айтуынша сол замандардағы жастардың кітап оқуы мен қазіргі заманғы қоғамды салыстыру мүмкін еместігі, әрине бұл техниканың, желінің дамығанынан екені айқын дейді. 200-ден аса батаны жинақтап, сақтап және біраз батаның авторы болған, халық арасында танымал бата беруші Людмила Байқадамова *«Қазақ болып келдің бе, сол еліңнің нағыз отан сүйер азаматы боп өмір сүр»* дей отырып, өзінің ыстық ықыласымен батасын берді. Мәдениет саласына еңбегі сіңген Аманша Адасбаева кітапқа жақын болуды, тіпті айтқан әңгімесінен кітап оқымайтын адамды кітап түгелі кітаптың ішіндегі оқиғаға кіргізіп жібергенін естігенде кітаптың құдыреттілігін байқадық. Міне, кітап сүйер оқырман осындай болады.

Бенефис барысында мол байлықты игеріп, өз бойларына сіңіріп, кітап атты рухани доспен сырласып жүрген оқырмандарымыз ақын-жазушылардың өлеңдерін оқыды. Ақтөбе гуманитарлық колледжінің

«Қазақ тілі мен әдебиет» бөлімінің 3 курс студенті Темірбек Ақтілек Нұрлыбек Қалауовтың «Біз оқитын өлкенің тұрғынымыз» өлеңін, №24 лингвистикалық мектеп-гимназиясының оқушысы Көркем Сугурбаева Ғафу Қайырбековтың «Төске өрле» және кітапхананың жас мамандары Ақниет Көшербайқызы, Лаура Сұлтанбекова, Аяулым Зейнекен ақын Гүлжайнар Қалдинаның «Біз – кітаппыз» өлеңін оқыды.

С.Жиенбеав атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасының директоры Гүлжайнар Нәренқызы өз ықыласын жеткізіп, оқырмандарға тұрақты кітап оқудың 7 қажеттілігін атап өтті. Шараға қатысушы, ардагер оқырмандарымызға дендеріне саулық, отбасыларына қуаныш, шығармашылықтарына табыс тілей отырып, кітапханамыздың оқырмандары болғанына және келіп рухани нәр бергендері үшін алғыс айтты. Өз өнерімен оқырман қауымды тәнті етіп, ұстаздардың батасына ие болған Өтес Диасқа өнерде алдыңғы қатардан көрініп, шыңдала берсін деген ниетпен алғыс хат берілді.

Шара соңында «Жастар кітапханасы – оқырмандар ордасы» атты эссе байқауын қорытындылап, марапаттады. Айта кететін болсақ эсеге қатысушылардың жасы шектелмеді және орыс тілінде де жазуға мүмкіндік берілді. Кітапханамыздың инстаграмм, фейсбук парақшаларына жүктеліп, алдын ала хабарландыру жасалған болатын, осының нәтижесінде 50-ге жуық шығарма келіп түсті. Шығармалар тағайындалған әділқазы алқаларының бақылауына түсіп, үздіктер таңдап алынды. Жеңімпаздар оқырман бенефисіне шақырылып, өз еңбектерінің нәтижесіне ие болды.

Әділқазылардың шешімі бойынша ең үздік деген үш

шығарма иесі анықталды.

Эссе байқауының басты мақсаты – қазіргі жастардың ойымен кітапхананың рөлін білу, қаншалықты байланыста екендіктерін байқап, шығармашылық таланттарын шыңдау болатын. Ең үздік деп танылып, I-орынға ие болған Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ филология факультетінің «Қазақ филологиясы» мамандығының 3 курс студенті Әлихан Жақсылық, II-орынға ие болған шығарма иесі, кітапханамыздың тұрақты оқырманы Фролова Ирина. Ал III-орынды өз шығармасымен алдыңғы қатардан көріне білген Ақтөбе гуманитарлық колледжінің «Бастауыш білім беру» мамандығының 2 курс студенті Мерейлім Оспанова иеленді. Қаламдары ұшталып, шығармашылық табыс тілей отырып кітапхана атынан шағын естеліктер тарту етілді. Сонымен қатар «Ең жас қатысушы» номинациясымен №24 лингвистикалық мектеп-гимназиясының 5 «В» сынып оқушысы Ләззат Қазтуған иеленді. Ынталандыру сыйлықтары беріліп, қатысушылар алғыс хаттармен марапатталды. Міне, біздің оқырмандар жан-жақты, нағыз талантты, кітапты сүйетін оқырмандар. Болашақта кітапханамыз осындай жастардың ордасына айналса, көңілімізге қуаныш ұялар еді. Құрметті оқырмандар бізбен бірге болыңыздар, кітапты сүйіңіздер, біздің оқырмандарымыз секілді еліміздің дамуына өз үлестеріңізді қосып, рухани жаңғырыңыздар.

Кешке қатысушылар өз марапаттарын алып, естелікке суретке түсті және «Ғажайып кітаптар әлемі» атты кітап көрмесімен таныс болды. Қатысушыларымыздың қуанышын жалғап Өтес Диас әншіміз кешті «Жұмбақ әлем» әнімен керемет аяқтап берді.

Бас редакторы – Гүлдәрі ТӨЛЕУҒАЗЫҚЫЗЫ.

“Қазақ тілі мен әдебиеті” –
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-
педагогикалық және әдістемелік журнал.

Құрылтайшы және шығарушы: «Қазақ тілі мен әдебиеті»
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Теріп, беттеген – Айнұр ХАБИДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.

Басуға 05.01. 2019 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32
Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы – 5000.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75746.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және
бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: Kazulagat@mail.ru.

Журнал сайты: www.kazhu.kz

Басылатын жері – ИП Әкімбаев

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №1, 2019 ж., 144 бет, Алматы.